

Сенім тетігі
2-бет

Рух шырақшысы
7-бет

Қасиеті мол
Құрбан айт
8-бет

• ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Өңір дамуына оң баға берді

Облыста энергетикалық қауіпсіздік, газдандыру және өндірісті жаңғырту бағытындағы ірі жобаларға басымдық беріліп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында өңірге жұмыс сапарымен келген Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев жылыту маусымына дайындық барысын тексеріп, энергетика, газ және индустрия салаларындағы негізгі жобалардың жүзеге асуымен танысты. Ол өңірдегі өндіріс орындарының әлеуеті жоғары екенін атап өтті.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыс сапары Теміртаудағы Qarmet металлургиялық комбинатынан басталды. Мұнда Нұрлыбек Нәлібаев кәсіпорынды жаңғырту бағдарламасымен танысып, өндірістік процестерді көрді. Комбинатта домна пештерін табиғи газға көшіру жұмыстары жүргізіліп, мазуттан толық бас тартуға мүмкіндік туған.

Сонымен қатар, кәсіпорын алдағы жылдары өндіріс көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр. «5-9-5» стратегиясы аясында 2028 жылға қарай болат өндірісін 5 миллион тоннаға дейін жеткізу көзделген.

Жұмыс сапары барысында өңірдің энергетикалық қауіпсіздігіне ерекше назар аударылды. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Қарағанды ЖЭО-3-індегі жөндеу жұмыстарымен және стансаны кеңейту жобасымен танысты. Жаңа энергия блогын іске қосу нәтижесінде электр қуаты 140 мегаваттқа, ал, жылу қуаты сағатына 180 гигакалорияға артады.

Сондай-ақ, алдағы жылыту маусымына дайындық мәселесі көтерілді.

— Алдағы жылыту маусымында проблемалар болмауы керек. 1 қыркүйекке



дейін барлық нысандар бойынша дайындық құжаттарын алу қажет. Жылыту маусымы кезінде іркілістерге жол беруге болмайды, — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сапар барысында Қарағандыны газдандыру жобасының жүзеге асу барысы да қаралды. Биыл бірінші кезенді аяқтап, 10 мыңнан астам абонентті газға қосу жоспарланған. Кейін бұл жұмыс Пришатино, Майқұдық және Сұрыптау тұрғын алаптарында жалғасады.

Индустриялық нысандарды аралау кезінде Нұрлыбек Нәлібаев «ТАМПО Қа-

зақстан», Silk Road Electronics, QazTehna және Tengri Tyres кәсіпорындарының өндірістік мүмкіндіктерімен танысты. Мұнда жаңа өндіріс желілері, локализация бағдарламалары және қуатты кеңейту жоспарлары таныстырылды.

Жұмыс сапарының қорытындысында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары өңірдегі жобалардың маңызды ерекше атап өтті.

— Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша біз еліміздің өңірлерін жиі аралаймыз. Қарағанды облысында көптеген

маңызды жобалар жүзеге асырылуда, ірі өндірістер жұмыс істеп тұр, онда сан мың адам еңбек етеді. Біз кәсіпорындардың толыққанды өндіріс құрып, оны одан әрі дамытуды жоспарлап отырғанын көрдік, — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Энергетикалық және индустриялық жобаларды іске асыру Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Аттестаттау мерзімі анықталды

Оқу-ағарту министрлігі оқушылардың қорытынды аттестаттаудан өту мерзімін жариялады. Биыл 9-сынып оқушылары қорытынды емтихандарын 29 мамыр мен 11 маусым аралығында тапсырады.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Министрлік мәліметінше, негізгі орта білім беру деңгейін аяқтайтын оқушылар міндетті пәндер бойынша төрт жазбаша емтихан тапсырады. Қорытынды аттестаттау оқушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған.

Ал, 11-сынып түлектеріне арналған мемлекеттік емтихандар 2 маусым мен 15 маусым аралығында өтеді. Жалпы орта білім беретін мектеп түлектері бес емтихан тапсырады. Оның бірі ауызша түрде ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, аттестат тапсыру салтанатының мерзімі де белгіленді. Салтанатты іс-шаралар 17-18 маусым аралығында өтеді. Аттестат табыстау рәсімі мектеп басшысының бұйрығы негізінде және ата-аналар комитетімен келісу арқылы мектеп ғимаратында ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымдары емтихан өткізу кезінде белгіленген талаптарды сақтап, оқушылар үшін қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасауға тиіс. Ал, ата-аналар мен түлектерге емтихан кестесін алдын ала нақтылап, дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізу ұсынылады.

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар — бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» — ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ottdel.pochtovoy@bk.ru



Касп QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Сыңғырла, соңғы қоңырау!

Қарағанды облысында кезекті оқу жылы өз мәресіне жетті. Жыл бойы білім мен тәрбие жолында еңбек еткен оқушылар үшін соңғы қоңырау — есте қаларлық ерекше сәт. Мектеп қабырғасындағы жылдар, ұстаздардың еңбегі, достармен бірге өткен күндер әр түлектің жадында сақталары анық. Биыл өңір мектептерінде оқу сабақтары 25 мамырда аяқталып, барлық білім беру ұйымдарында «Білім — Отаным!» тақырыбында бірінғай сынып сағаттары өтеді.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың білім беру ұйымдарында оқу жылы дәстүрлі түрде қорытындыланып, оқушыларға қауіпсіздік ережелері мен жазғы демалысты тиімді өткізу түсіндірілуде. Әсіресе, мектеп бітірушілер үшін алдағы қорытынды емтихандар мен Ұлттық бірінғай тестілеу — маңызды сынақ. Қарағанды облысында биыл 9-сыныпты 15 мыңнан астам оқушы, 11-сыныпты 8 мыңнан астам түлек аяқтайды. Олардың қатарында оқу озаты атанып, «Алтын белгі» төсбелгісіне үміткер болған 248 оқушы бар. 9-сынып түлектерінің қорытынды аттестаттауы 29 мамыр мен 11 маусым аралығында өтеді. Ал, 11-сынып түлектері үшін қорытынды аттестаттау 2-15 ма-



усым күндеріне жоспарланған. Бұл кезеңде оқушылар бірнеше пән бойынша емтихан тапсырып, мектеп бағдарламасын толық меңгергенін дәлелдеуі тиіс.

Ал, аттестаттарды тапсыру салтанаты 17-18 маусым күндері мектеп қабырғасында ұйымдастырылады. Бұл күні түлектерге орта білім туралы құжаттар табысталады, үздік оқушылар марапатталады.

Оқу жылының аяқталуына байланысты Қарағанды облысында қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылып

отыр. Осыған байланысты мейрамханаларда, кафелерде, банкет залдарында, демалыс базаларында және табиғат аясында бітіру кештерін өткізуге тыйым салынды. Сонымен қатар, автокортеж ұйымдастыруға, таң қарсы алу мен алау жағу іс-шараларын өткізуге де рұқсат берілмейді. Мұндай талаптар ең алдымен, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұған дейін еліміздің әр өңірінде түрлі келеңсіз жағдайлардың тіркелуі жауапты органдарды сақтық шараларын күшей-



туте итермеледі. Сондықтан, білім беру ұйымдары мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, педагогтерге сыйлық алуға немесе мектеп жөндеуіне қаражат жинауға жол берілмейді. Бұл талаптар педагогикалық әдеп нормаларын сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында енгізілген.

Қарағанды облысында жазғы Ұлттық бірінғай тестілеу кезеңі басталып кетті. 10 мамырдан бастап ұйымдастырылған ҰБТ-ның бұл кезеңі жоғары оқу орындарының білім гранттары конкурсына қатысуға мүмкіндік береді. Биыл тестілеу электронды форматта өткізілуде. ҰБТ заманауи прокторинг және бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етілген. Бұл тестілеудің ашық әрі әділ өтуіне мүмкіндік береді. Жас түлектер үшін бұл кезең — болашақ мамандыққа бастар маңызды қадам.

Облыста жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары да қатар жүргізілуде. Биыл бірінші сыныпқа құжат қабылдау 29 маусым мен 31 тамыз аралығында өтеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• САЛТАНАТ

Мәдениеттің мерейін өсірген күн

Ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп, өмір мәдениетінің дамуына үлес қосып келе жатқан майталмандар мен жас буын өкілдері облыс әкімінің сыйлығына ие болып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Салтанатты жиында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мәдениет және өнер қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында мәдениетті қоғам дамуының басты тіректерінің бірі ретінде айқындап, оны қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыты болуы тиіс екенін атап өтті. Бұл ұстаным сіздердің еңбектеріңіздің мәні мен маңызын толық ашады. Бүгінде қарағандылық мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығы өңірден тыс жерлерге де кеңінен танылып келеді. Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің арқасында ұрпақтар сабақтастығы сақталып, елдің рухани өзегі нығаяда, – деді аймақ басшысы.

Мереке қарсаңында Мемлекет басшысының Жарлығымен бірқатар мәдениет және өнер қызметкерлері мемлекеттік наградалармен марапатталды. Салтанатты жиында алдымен мемлекеттік және ведомстволық наградалар табысталды. Мәдениет және өнер саласының ардагері Тұңғышбай Мұқанға «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Ал, Станиславский атындағы облыстық орыс драма театрының актері Иван Немцев Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды. Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісі Бо-



ранбек Ахметов пен Рысты Айтбақаеваға табысталса, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен Серік Мұқанов, Маргарита Туребекова, Балжан Оспанқұлова, Галина Колесникова, Дулат Аханов және Арайлым Жүкенова марапатталды. Негізгі мамандығым – мұғалім. Бірақ, өмір жолының түрлі бел-белесінде өнер мен мәдениет саласына келіп, осы саланың жұмысына біржола бет бұрдым. Мәдениет деген – бір күндік жұмыс емес, ол елдің жадын сақтау, халықтың рухын көтеру, ұрпаққа өнеге қалдыру. Билығы мерейтойым қарсаңында алған марапатыма Мәдениет және өнер саласындағы сыйлығына арналған конкурсына 85 өтінім

түскен. Барлығы 22 номинация бойынша 25 сыйлық қарастырылып, олардың 24-інің әрқайсысына 2 млн теңге сыйақы берілді. Ал, ұзақ жылғы адал еңбекке берілетін «Мамандыққа адалдығы үшін» арнайы сыйлығының көлемі – 4 млн теңге.

«Мамандыққа адалдығы үшін» арнайы сыйлығы Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің ардагер концертмейстері Полатхан Тәшімовке табысталды.

«Жылдың үздік әртісі» номинациясында С.Сейфуллин атындағы облыстық казак драма театрының әртісі Сұлтан Серікқұлы, «Жылдың үздік актрисасы» аталымында Станиславский атындағы театрдың актрисасы Светлана Потемкина, ал, «Үздік эпизодтық рөл» номинациясында С.Сейфуллин атындағы

облыстық казак драма театрының өкілі Амангелді Мұқашев лауреат атанды. Өн өнері бағытында «Эстрадалық жанрдың үздік вокалісі» атағы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі Куат Дүйсеновке, «Классикалық жанр вокалісі» номинациясы Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының өнерпазы Маржан Бұлановаға, «Халық әнінің үздік орындаушысы» атағы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі Меруеш Башайға бұйырды.

«Жылдың үздік аспапшысы» номинациясында Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының өкілі Ольга Горобдина мен Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің өнерпазы Гүлшахра Салықова марапатталса, «Солист-аспапшы» аталымында осы

бірлестіктің өкілі Александр Ермошкин үздік деп танылды.

«Жыл хореографы» атағы Теміртай мәдениет сарайының маманы Бағлан Қайдасыноваға, «Балет және хореография үздігі» номинациясы Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының әртісі Анастасия Круминаға берілді. Мәдени өмірді ұйымдастыру бағытында «Әуесқой ұжымның үздік жетекшісі» болып Қарқаралы мәдени-ойын-сауық орталығының өкілі Баян Ахметова, «Мәдени іс-шараларды үздік ұйымдастырушы» номинациясында Қарқаралы мәдени-ойын-сауық орталығынан Мақсат Омарбеков пен Қарағанды қаласының саябақтар басқармасынан Жомарт Ахмедин марапатталды.

Ал, ауыл мәдениетінің дамуы-

на үлес қосып жүрген мамандар арасынан Бұқар жырау ауданы Шешенқара ауылының Мәдениет үйінің меңгерушісі Жанна Бұрашева ауылдағы үздік мәдени іс-шараларды ұйымдастырушы ретінде танылды. Сонымен бірге, «Үздік композитор» номинациясы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің өкілі Назгүл Таңатарға, «Үздік ауыл кітапханашысы» атағы Нұра ауданы Изенді ауылының кітапханашысы Анар Бердешеваға, «Үздік кітапханашы» номинациясы Қарағанды облыстық Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының маманы Айну Шаймұханбетова мен Балқаш қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің өкілі Елена Жоржикке табысталды.

Музей ісі бойынша «Үздік музей қызметкері» аталымында Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкері Нұрболат Алдабаев, «Алтын жолақ» номинациясында облыстық мәдениет және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығының өкілі Бағдат Мүбәрәк, «Жыл жүргізушісі» аталымында Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің жүргізушісі Мейрамгүл Кәріпжанова, «Жыл архивісі» номинациясында Қарағанды қаласының Мемлекеттік архивінің қызметкері Алена Дьякова, ал, «Мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі үздік маман» аталымында Саңыраулар мәдениет үйінің өкілі Татьяна Голловченко марапатқа ие болды.

Айта кетейік, облыс әкімінің мәдениет және өнер қызметкерлеріне арналған сыйлығы 2007 жылдан бері табыстала беріп келеді. Сыйлық бекітілгеннен бергі 15 жылдан астам уақыт ішінде конкурс қорытындысы бойынша 478 адам лауреат атанса, жалпы кезеңде 1 952 үміткер қатысқан.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Сенім тетігі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен «Квзимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет» тақырыбында облыстық форум өтті. Ауқымды жиын квазимемлекеттік секторда адалдық пен ашықтық қағидаттарын орнықтыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және комплаенс жүйесін институционалдық тұрғыда дамыту мәселелеріне арналды. Форумға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, мемлекеттік органдардың басшылары, квазимемлекеттік сектор өкілдері, жоғары оқу орындарының мамандары, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдары, сарапшылар мен комплаенс-офицерлер қатысты.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форумның басты мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру тиімділігін арттыру, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі комплаенс жүйесін жетілдіру, сондай-ақ, комплаенс-офицерлер мен ұйым басшыларының кәсіби құзыреттерін дамыту.

Форумды Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Жанлос Сәрсен жүргізді. Форумды ашқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Мемлекет басшысы айқындаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың стратегиялық маңызына тоқталды.

– Квазимемлекеттік сектор – экономиканың маңызды бөлігі. Бұл саладағы ашықтық, адалдық және есептілікті нығайту қоғам сенімін артты-

рып, инвестициялық ахуалды жақсартып, өңірдің тұрақты дамуына ықпал етеді. Комплаенс қызметі заң талаптарының сақталуын бақылау қана қоймай, әр ұйымдағы адалдық мәдениетін қалыптастырып, тәуекелдердің алдын алатын маңызды жүйеге айналуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде облыста квазимемлекеттік сектордың 200-ден астам субъектісі жұмыс істейді. Олардың барлығында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ішкі бақылау бағытында тиісті комплаенс қызметтері құрылған. Сонымен қатар, осы жұмысты күшейту мақсатында комплаенс-офицерлердің жеке штаттық бірліктері енгізілген.

Форумда сөз сөйлеген «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков те сыбайлас жемқорлықпен күрестегі қоғамдық бақылаудың роліне тоқталды.

– Кеңес отырыстарында Қарағанды және Теміртай қалалары әкімдеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар, «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының қызметі, денсаулық сақтау саласындағы тәуекелдерді төмендету шаралары, мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі ашықтық мәселелері талқыланды, – деді Бекзат Алтынбеков.

Форумның негізгі спикерінің бірі, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасары, Парламент Мәжілісінің VI шақырылымының экс-депутаты Гүлнара Бижанова болды. Ол квазимемлекеттік сектордағы комплаенс жүйесін күшейтуге бағытталған жаңа заңнамалық өзгерістерге жан-жақты тоқталды.

Гүлнара Бижанова 2020 жылы Мәжіліс депутаты ретінде «Сыбайлас жемқорлыққа

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

қарсы іс-қимыл туралы» Заңға комплаенс-қызметтерге қатысты базалық нормаларды енгізуге бастамашы болғанын атап өтті. Кейін халықаралық ICA (Ұлыбритания) сертификатына ие жоғары білікті compliance-офицер ретінде «Қазакмыс» корпорациясында 12 негізгі бағыт бойынша кешенді комплаенс жүйесін қалыптастырған.

– Бүгінде квазимемлекеттік сектордағы комплаенс жүйесін формалды талап деңгейінен стратегиялық басқару құралына көтерудің маңызы артып отыр. Мәжілісте қабылданған заңнамалық түзетулер комплаенс-қызметтердің тәуелсіздігін күшейтіп, олардың директорлар кеңесіне тікелей есеп беруін қамтамасыз етеді. Одан бөлек, мүдделер қатығысын басқарудың нақты тетіктері енгізіліп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ерте кезеңде анықтау мүмкіндігі кеңейді, – деді Гүлнара Бижанова.

Форумда «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі АҚ комплаенс-офицері Мұрат Орманбаев Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің болашағы туралы баяндама жасап, Қарағанды облысы кәсіпкерлері қауымдастығының президенті Гүлнара Құрбанбаева азаматтық сектордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудағы роліне тоқталды. Ал, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің комплаенс-офицері Василий Олейник студент жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды қалыптастыру мәселесін көтерді.

Форум қорытындысында қатысушылар квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеп, тәжірибе алмасты.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КӘСІБИ БАҒДАР

Мамандық таңдау қателікті кешірмейді

Қазір қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселенің бірі – жастардың дұрыс мамандық таңдап, еңбек нарығында өз орнын табуы. Әсіресе, техникалық және жұмысшы мамандықтарына деген сұраныс артқан кезеңде жастардың болашаққа саналы қадам жасауы аса маңызды. Осы бағытта облыс ауымында жүйелі жұмыстар қолға алынып, колледж студенттеріне арналған мотивациялық кездесу, кәсіпкерлермен сұхбат және жұмыс берушілермен ашық диалог алаңдары ұйымдастырылуда. Мұндай шаралар жастардың тек білім алып қана қоймай, өмірлік мақсатын айқындауына да үлкен әсер етуде.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шыны керек, жоғары оқу орнын немесе колледжді томамдаған көптеген жас маман еңбек тәжірибесінің жоқтығынан жұмыс таба алмай, сенделіп қалады. Кейбірі мамандығы бойынша жұмыс таппай, мүлде басқа салаға кетіп жатады. Бұл – қоғам үшін де, отбасы үшін де алаңдатарлық жағдай.

Осындай түйткілдердің алдын алу мақсатында Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы «Дұрыс таңдау жаса» жобасы аясында студенттермен мазмұнды кездесулер өткізуде. Жұырда тамақтандыру және сервис колледжінің студенттері кәсіпкер, «Tatti Damdi kz» кондитерлік бренді негізін қалаушы Арғын Нұрашевпен кездесті.

Кездесу барысында кәсіпкер жастарға өз өмір жолын ашық айтып берді. Оның сөзінше, жетістікке жету бір күннің ісі емес. Ол да алғашқыда қиындықтарға тап болған. Қаржы ташылығы, бәсекелестік, сенімсіздік секілді кедергілерді бастан өткерген. Алайда, табандылық пен еңбекқорлықтың арқасында кәсібін дамытып, бүгінде көпке танылған бренд иесіне айналған.

– Жастар қазір бәрі оңай келеді деп ойлайды. Бірақ, өмірде табысқа жету үшін

үлкен еңбек керек. Қандай жағдай болса да, адам өз мақсатын ұмытпауы тиіс. Ең бастысы – тура жолдан таймау, – деді кәсіпкер.

Кездесу барысында студенттер көсіп ашу, алғашқы капитал жинау, идеяны дамыту, тұтынушы сенімін қалыптастыру секілді сұрақтарын қойып, нақты жауап алды. Ашық форматтағы әңгіме жастарға ерекше әсер қалдырды.

Сонымен бірге, кездесуде қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – жастардың теріс жолға түсу қаупі де сөз болды. Арғын Нұрашев студенттерге есірткі, алкоголь, жеңіл ақша табу сияқты жаман әдеттердің болашақты құрдымға апаратынын ескертті.

– Өмірлеріңізді жаман жағына өзгертіп, армандарыңызды тас-талқан қылатын жолға түспейсіздер. Мен есірткі, алкоголь, жаман орта және оңай ақша туралы айтып отырмын. Бұл мықты адамдардың жолы емес, – деді ол.

Қарағанды өлкесінің политехникалық колледжінде отқан тағы бір маңызды кездесу де жастар үшін пайдалы болды. Бұл жолы көлікке қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығында білім алып жатқан студенттер «QazTehna» компаниясының өкілдерімен жүздесті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Тұтас бір буынның тәлімгері

Техника ғылымдарының докторы, профессор Жұмағұл Нугужинов 70 жылдығына арналған «Ғылым, инновация, құрылыстағы техникалық реттеу және инжиниринг: цифрлық және зияткерлік технологиялар, жайкүйі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция құрылыс индустриясындағы заманауи технологиялар мен ғылымның даму бағыттарын талқылайтын алаңға айналды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Конференцияның салтанаты ашылуында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сөз сөйледі.

— Қарағанды облысында құрылыстың болашағын қалыптастыратын мамандарды, ғалымдарды, инженерлерді, оқытушылар мен сарапшыларды қабылдау — зор мәртебе. Бүгінде құрылысқа цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, жаңа материалдар мен жобалау әдістері кеңінен енгізілуде. Бірақ, барлық технологияда әрдайым адамзаттың еңбегі, білімі, жауапкершілігі мен инженерлік ойлау қабілеті

геіні қалыптастыруда. Осындай жағдайда тек өзекті мәселелерді талдап қана қоймай, технологиялық тұрғыдан негізделген қолданбалы шешімдер ұсына алатын университеттердің, ғылыми ұйымдардың және кәсіби қауымдас-тықтың рөлі айрықша, — деді Сәуле Сағынтаева.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің атынан құттықтау сөз сөйлеген ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті төрағасының орынбасары Ренат Елшібеков құрылыс пен инженерияны дамытудың маңызын атап өтті.

Пленарлық отырыстар барысында құрылыс саласындағы



тұрады. Біздің елімізде технологиялық даму мәселелеріне ерекше назар аударылып келеді, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Ермағанбет Бөлекпаев Жұмағұл Нугужиновты мерейтойымен құттықтап, жаңа тәсілдерді ілгерілетуге қосқан үлесі, бірқатар ірі жобаларға қатысқаны және жас инженерлердің тұтас бір буынның тәрбиеленгені үшін алғыс білдірді.

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректоры Сәуле Сағынтаева конференцияның ғылым мен құрылыс саласындағы инновациялық шешімдерді дамытуға ықпал ететін маңызды алаң екенін атап өтті.

— Бүгінгі конференция заманауи құрылыс ғылымы мен тәжірибесінің өзекті бағыттарын біріктіреді. Құрылыс бүгінде ауқымды трансформация кезеңін бастан өткеруде. Заманауи құрылыс мәдениетінің жаңа дең-

цифрландыру мәселелері кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, жасанды интеллект пен цифрлық негіздерді қолдану, техникалық реттеу жүйесін жетілдіру, жер сілкінісіне төзімді құрылыс технологиялары, ғимараттар мен құрылыстарды компьютерлік модельдеу және инновациялық құрылыс шешімдерін енгізу бағыттарына ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, саладағы ғылыми зерттеулер мен инженерлік тәжірибенің өзара байланысын күшейтуге басымдық беріледі.

Халықаралық конференцияға Ресей, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Польша, Беларусь, АҚШ және өзге де мемлекеттердің жетекші ғалымдары, мемлекеттік орган өкілдері, құрылыс компанияларының мамандары, жобалау және ғылыми-зерттеу ұйымдарының сарапшылары қатысты.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

Жаңа дәуірге жарқын қадам

2026 жылдың 1 шілдесі ел тарихындағы ерекше маңызға ие күн ретінде жұрт жадында қалары сөзсіз. Өйткені, осы күннен бастап, елімізде жаңа Конституция ресми түрде күшіне еніп, мемлекет дамуының жаңа кезеңі басталады. Бұл — қоғамның саяси мәдениетін, мемлекеттік басқару жүйесін және азамат пен мемлекет арасындағы өзара жауапкершілік моделін түбегейлі жаңғыртатын тарихи бетбұрыс. Жаңа Ата Заң елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағытын айқындап қана қоймай, әділеттілік, ашықтық және адам капиталына негізделген жаңа қоғамдық келісімнің іргетасын қалайды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Серікжан Байбосынов жаңа Конституцияны елдің сапалы дамуға бет бұрған жаңа тарихи кезеңі ретінде бағалайды. Оның пікірінше, бұл реформалар мемлекет құрылымына ғана емес, қоғамның ішкі интеллектуалдық және рухани негізін де жаңғыртады.

— Бұл тарихи таңдау — еліміздің даму жолындағы жаңа белес. Халық қолдаған конституциялық реформалар тек саяси жүйені жаңғыртып қоймай, мемлекеттің интеллектуалдық, мәдени және әлеуметтік негіздерін нығайтады. Бұл — Әділетті Қазақстанның нақты бейнесі. Біз шикізатқа тәуелділіктен арылып, білім экономикасын құруды көздейміз. Мемлекет ғалымдардың мәртебесін көтеріп, зерттеу жұмыстарына жағдай жасауды өз міндетіне алады, — деді Серікжан Байбосынов.

Сарапшы атап өткендей, жаңа Конституция ғылым мен инновацияны ел дамуының стратегиялық өзегіне айналдырады. Бұл бағытта жастардың рөлі айрықша. Олардың стартап жобалары, технологиялық ізденістері мен цифрлық бастамалары енді тек қолдау тетіктері арқылы емес, конституциялық деңгейде қорғалатын және ынталандырылады. Мұндай қадам Қазақстанның цифрлық егемендігін нығайтып, жаһандық бәсекелестік кеңістігіндегі орнын күшейтеді.

Жаңа Ата Заң ұлттық рух пен мәдени мұраны сақтау мәселесіне де ерекше мән береді. Мемлекет тарихи жәдігерлерді қорғауды, мә-

дени құндылықтарды ұлықтауды және қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуді басты міндеттердің бірі ретінде айқындайды. Бұның ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған стратегиялық таңдау екені сөзсіз.

Сонымен бірге, Конституция әлеуметтік мемлекеттің рөлін күшейтіп, азаматтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды кепілдіктерді бекітеді. Солардың ішінде, тұрғын үй құқығын қорғауға қатысты нормалар ерекше маңызға ие. Бұл қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті күшейтіп, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға ықпал етеді. Серікжан Байбосынов бұл өзгерістердің практикалық маңызын ерекше атап өтті.

— Әсіресе, «жалғыз баспана» мәселесіне қатысты нормалар халықтың әлеуметтік қауіпсіздігін арттырады. Азаматтардың жалғыз баспанасын заңсыз тартып алуға немесе қиын жағдайда баспанасыз қалдыруға жол берілмейді. Мемлекет әр отбасының шаңырағы биік, босағасы берік болуы үшін нақты заңдық кепілдік береді. Бұл өзгерістер қоғамдағы әділдікті нығайтуға бағытталған, — дейді ол.

Жаңа Конституцияда сондай-ақ, Конституциялық соттың рөлі күшейтіліп, азаматтардың құқықтарын қорғаудың жаңа деңгейі қалыптасады. Бұл «Адам — мемлекет үшін емес, мемлекет — адам үшін» деген негізгі қағидатты нақты іске асыруға мүмкіндік береді.

Қарағанды индустриалдық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Бақыт Жәутіков жаңа Конституцияны білім мен ғылымды ұлттық дамудың басты тірегі-

Жаңа Конституция ғылым мен инновацияны ел дамуының стратегиялық өзегіне айналдырады. Бұл бағытта жастардың рөлі айрықша. Олардың стартап жобалары, технологиялық ізденістері мен цифрлық бастамалары енді тек қолдау тетіктері арқылы емес, конституциялық деңгейде қорғалатын және ынталандырылады. Мұндай қадам Қазақстанның цифрлық егемендігін нығайтып, жаһандық бәсекелестік кеңістігіндегі орнын күшейтеді.

не айналдыратын тарихи құжат ретінде сипаттайды.

— Жаңа Конституцияда білім, ғылым, мәдениет және инновация ел дамуының өзекті бағыттары ретінде белгіленген. Бұл Қазақстанның болашағы табиғи ресурстарға емес, адами капиталдың сапасына тәуелді екенін көрсетеді, — деді Бақыт Жәутіков.

Конституцияның 33-бабында азаматтардың жоғары білім алуға құқығы нақты бекітіледі. Мемлекет бастауыш, орта және жоғары білімге кепілдік беріп, жоғары білімнің қолжетімділігін конкурстық негізде қамтамасыз етеді. Бұл әлеуметтік теңдікті нығайтып, әр азаматқа өз қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Одан бөлек, Жаңа Конституция университеттердің рөлін түбегейлі өзгертеді. Жоғары оқу орындары енді тек білім беру орталығы емес, ғылым, инновация және технологиялық прогрестің негізгі драйверіне айналуы тиіс. Бұл өз кезегінде университеттердің экономикамен тікелей интеграциясын күшейтеді.

— Қазіргі цифрлық экономика жағдайында университеттердің рөлі түбегейлі өзгеріп отыр. Біз



АТА ЗАҢ — АЙБАРЫМ

елімізде алғашқылардың бірі болып жасанды интеллект кафедрасын аштық, жаңа білім беру бағдарламаларын енгіздік. Студенттеріміз халықаралық платформалар арқылы оқып, нақты жобалармен жұмыс істейді. Бұл — болашақ мамандарды жаңа технологиялық дәуірге бейімдеудің нақты жолы, — деді профессор.

Жаңа Конституцияда цифрлық құқықтарды қорғауға да ерекше назар аударылған. Жеке деректердің қауіпсіздігі, ақпараттық кеңістіктің қорғалуы және интеллектуалдық меншік құқығы — енді конституциялық деңгейде бекітілген нормалар. Бұл инновациялық орта мен ғылыми зерттеулер үшін қауіпсіз әрі тұрақты

экожүйе қалыптастырады.

Бүгінде Қарағанды индустриалдық университетінде студенттердің стартап жобалары жүйелі түрде дамып келеді. Олар косметология, биотехнология, IT және ойын индустриясы салаларында жаңа өнімдер мен технологиялар әзірлеуде. Бұл бастамалар жастардың шығармашылық әлеуетін арттырып қана қоймай, ел экономикасының жаңа бағыттарын қалыптастыруға үлес қосады.

Жалпы, сарапшылардың пікірінше, Жаңа Конституция елімізді шикізаттық модельден инновациялық және білімге негізделген экономикаға көшіруге бағытталған. Бұл — тек экономикалық емес, рухани және әлеуметтік жаңғыру процесі.

Жаңартылған Ата Заңда мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығы мен жауапкершілігі күшейтіліп, азаматтық қоғамның рөлі артады. Бұл өз кезегінде мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтып, әділеттілікке негізделген жаңа қоғамдық модельді қалыптастырады.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

Туристік инфрақұрылым игілігі

Балқаштың келбеті бүгінде жылдан-жылға жаңарып, туристік әлеуеті артып келеді. Биыл Балқашта демалушыларға арналған 59 демалыс аймағы мен 18 қонақүй қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, әуе қатынасының іске қосылуы туристер үшін жол қатынасын едәуір жеңілдетсе, қала ішіндегі жолдарды жаңғырту жұмыстары да қарқын алған. Мұның бәрі Балқаштың заманауи туристік орталық ретінде дамуына тың серпін береді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жолаушыларды толғандырған негізгі мәселенің бірі — сапалы жанар-жағармай. Бұл түйткілді түбегейлі шешу мақсатында «Алматы-Екатеринбург» автожолының «Бектауата-Балқаш» учаскесінде өткізілген аукциондар қорытындысы бойынша көпфункционалды кешендер мен жанармай құю станциялары салуға арналған алты жер телімі инвесторларға табысталды. Жыл басында «Gas Energy» жанармай құю станциясы пайдалануға берілді. Ал, бүгінде қалған учаскелерде де инвесторлар құрылыс жұмыстарын бастап, жол бойындағы сервистік инфрақұрылымды дамыту ісі қарқын ала түсті.

— Аталған аумақтың әлеуетін одан әрі арттыру мақсатында 20 гектар аумақты қамтитын егжей-тегжейлі жоба әзірленді. Жоба аясында

100-ден астам кәсіпкерлік нысанын орналастыру көзделіп отыр. Осы жер телімдерін инвесторларға ұсыну бойынша аукцион биылғы мамыр айының соңында өткізілмек, — деді Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ерслан Зияда.

Қаланың туристік әлеуетін арттырудағы негізгі басымдықтың бірі — көлік инфрақұрылымын дамыту. Осы бағытта Балқаш әуежайын реконструкциялау жобасы жүзеге асырылған. Бүгінде құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталды. Аталған жобаны іске асыруға Арнаулы мемлекеттік қордан 945 миллион теңге бөлінген.

— Жыл басында Көлік министрлігінде «Астана-Балқаш-Астана» әуе бағыты бойынша конкурс комиссиясының отырысы өтті. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаз ретінде «Qazaq Air» АҚ анықталды. Аталған бағыттағы біржақты билет құны — 16



мың теңге болып белгіленді. Сондай-ақ, «Алматы-Балқаш-Алматы» әуе бағыты бойынша өткізілген кон-

курс нәтижесінде «SCAT» әуе компаниясы АҚ жеңіп алды. Бұл бағыттағы біржақты билет бағасы да — 16

000 теңге, — деді Ерслан Қанатұлы. Сонымен қатар, Балқаш жағалауының туристік мүмкіндігін тек



жаз мезгілімен шектемей, қыс айларында да толыққанды пайдалану көзделген «Winter Balkhash» жобасы іске қосылмақ. Жоба аясында өңірде жыл бойы турист қабылдай алатын қонақүй кешендерін, шипажайларды және заманауи демалыс орындарын салу мәселесі қарастырылған.

Құрортық кенттерде қауіпсіздік шараларын күшейту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Атап айтқанда, жағалау аумақтарында бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары қолға алынған. Сонымен қатар, Торанғалық пен Шұбартүбек елді мекендерінде жедел жәрдем бекеттері тәулік бойы қызмет көрсету режиміне көшірілді. Одан бөлек, қалада екі модульдік құтқару станциясын ашу жоспарда бар.

Суреттер <https://onmcdint.kz> сайтынан

«QazaqGaz Aımaq» АҚ Бас директоры Бауыржан АСҚАРОВ:

Көгілдір отынның игілігін 2,6 миллион адам көріп отыр

Газдандыру – тұрмысты жандандыру.

Иә, Қазақстанда халықты көгілдір отынмен қамтамасыз ету бастамасы экономиканың негізгі бағытына айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасы негізінде халықтың өмір сүру сапасын жақсартып, қоршаған ортаның қолайлы сипатын қалыптастыру соңғы жылдары күн тәртібінен түскен емес. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті еліміздің «Париж келісіміне» қол қойған ел болғандықтан, өндіріс пен экономиканың 2060 жылға қарай көміртегінен түбегейлі бас тартып, біржола баламалы және экологиялық таза қуат көздеріне көшетінін жиі көтеріп жүр. Мұндай заласыз энергия көзінің бірі – табиғи газ.

Бір кездері газ еліміздің қарапайым тұрғындары үшін арман болған. Әсіресе, қалалық жерлердегі жеке меншік үйлерде тұратын тұрғындар үшін... Сонымен қатар, көмір тасып, күл шығарған қалалықтардың жеке бейнетінен де күрделі мәселе тағы бір мәселе бар еді. Ол – көк түтінге қақталған қаланың экологиялық ахуалы. Елімізде қарқынды жүріп жатқан газдандыру жобасы осы бір түйткілі мәселеге нүкте қойғалы тұр.

Қазірдің өзінде Қарағанды қаласы бойынша 5359 жеке тұлға, 166 заңды тұлға көгілдір отын жүйесіне қосылған. Ал, табиғи газды тұтыну бар да, қауіпсіздік шараларын сақтау, газбен жабдықтау жүйесінің сенімді жұмыс істеуі, апаттық жағдайлардың алдын алу, инфрақұрылымның дайындығы деген мәселелер тағы бар. Елімізді газдандыру қарқыны, оның ішінде Қарағанды облысындағы жүйелі жобалар, қауіпсіздік, саланы цифрландыру, әлеуметтік қолдау бағдарламалары жайында «QazaqGaz Aımaq» АҚ Бас директоры Бауыржан Асқаровпен сұхбаттасқан едік.

Қарағандыны газдандыру қарқыны

– Бауыржан Бекзатханұлы, ең әуелі газетімізге сұхбат беруге келіскеніңіз үшін рақмет! Біздің «Ortalyq Qazaqstan» газетінің оқырмандарына Қарағанды облысын газдандыру қарқыны маңызды. Сондықтан, әңгімені Арқа өңірін көгілдір отынмен қамтамасыз ету жобасынан бастасақ...

– Рақмет! Ел аумағын газдандыру жобасы мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының біріне айналды. Өйткені, бұл жобаның әлеуметтік тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да тиімді екені әлдеқашан дәлелденген. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл бағыттағы тапсырмаларын тап-тұйынақтай етіп іске асыру мақсатында құрылған біздің акционерлік қоғамның міндеті –

мәселесі ресми биліктің де, өндіріс қожайындарының да, эколог-мамандардың да «бас ауруына» айналғалы қашан. Зауыт мұржаларына орнатылған шетелдік сүзгілер, озық технологиялар да бұл мәселені шеше алмаған еді. Табиғи газдың тамаша мүмкіндігін осы жерден көруге болады.

Қарағанды өңіріндегі сәтті жүзеге асырылған ірі жоба деп «Qarmet» металлургиялық комбинатының газ жүйесіне қосылуын айтуға болады. Теміртау қаласының экологиялық ахуалы республикалық деңгейде өткір көтеріліп, тіпті, Президенттің де қатаң сынына ұшырағанын жақсы білесіздер. Қазіргі таңда «Qarmet» комбинатының негізгі домна пештері мен цехтары газ құбырына қосылып, ауа да тазарды, халық та риза.

Жуық арада облыстағы өндірістік кәсіпорындар шоғырланған «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағын газдан-



Газ өндіріс де, көңілді де жылытады

– Бауыржан Бекзатханұлы, елімізде жылы беру маусымы аяқталды. Мұндай кезеңде газбен жабдықтау жүйесінің сенімділігі, инфрақұрылымның дайындығы мен халық қауіпсіздігі ерекше назарға алынады. Жалпы, осы жауапты маусымнан қандай қорытынды шығаруға болады?

– Ең алдымен айтарым, күзгі-қысқы кезең – газ саласындағы жұмыстың шынайы сапасын айқындайтын ең маңызды сынақтардың бірі. Дәл осы уақытта инфрақұрылымның беріктігі, жүйенің сенімділігі, мамандардың кәсібилігі мен ұйымдастыру жұмысының деңгейі анық көрінеді. Сондықтан, біз үшін ең басты нәтиже, бұл ел тұрғындарының жылыту маусымын тұрақты, үздіксіз және қауіпсіз өткізуі.

Осы ретте айта кету керек, «QazaqGaz Aımaq» АҚ жылыту маусымына дайындықты әрдайым алдын ала және жүйелі түрде жүргізеді. Газ шаруашылығы нысандарын күзгі-қысқы кезеңге дайындауға қатысты шаралар кешені толық көлемде және кестеден ерте орындалды. Қысқа әзірлік жұмыстары өткен жылыту маусымы аяқталғаннан кейін бірден басталды.

Компанияның барлық өндірістік филиалдарында жетекші техникалық қызметтер жұмылдырылып, газбен жабдықтау жүйесін күзгі-қысқы маусымға дайындау бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, 185 232-ден астам газ реттеу пункттері мен шафтарына ағымдағы жөндеу жүргізілді, 114 591-ден астам ажыратқыш құрылғыға арнайы техникалық қызмет көрсетілді, 1 727-ден астам электрхимиялық қорғау құралы қалпына келтірілді. Сондай-ақ, 1 781 400 шақырымға жуық газ құбыры аспаптық тексеруден өтті. Жалпы алғанда, негізгі дайындық шаралары техникалық жұмыстардың 30-ға жуық түрін қамтыды.

Өндірістік шаралармен қатар, халыққа түсіндіру жұмысы да үздіксіз жүргізілді. Тұрғындарға табиғи газды қауіпсіз пайдалану қағидалары мен оны үнемді тұтынудың маңызы жөнінде ақпарат өңірлік, республикалық БАҚ-да тұрақты, үйлерді күнделікті аралап, жадынамалар таратылды.

Жалпы, жылыту маусымының тұрақты өтуі – тек техникалық дайындықтың ғана емес, елде газдандыру ісінің кезең-кезеңімен жүйелі дамып келе жатқанының да айқын дәлелі. Бүгінгі таңда Қазақстанда табиғи газға қолжетімділік ауқымы кеңейіп, оның игілігін көріп отырған халық саны 2,6 миллионға жуықтады. Сондықтан, күзгі-қысқы кезеңнің табысты аяқталуы туралы айтқанда, біз тек бір маусымның қорытындысына ғана емес, жалпы саланың орнықты дамуын да айтып отырмыз.

– Соңғы мәліметтер бойынша Қазақстанда газдандыру деңгейі 64,2%-ға жуықтады. Он жыл бұрынғы көрсеткіш 56% болғанын жақсы білеміз. Дегенмен, елінің 83%-ын газдандырып үлгерген Беларусь Республикасы немесе өз елінде газы жоқ болса да, бұл тұрғыда алға кеткен Арменияның деңгейіне біз қашан жетеміз деген сұрақ ең алдымен көкейде тұрады...

– Орынды сұрақ. Әңгіменің осы тұстан басталуы да орынды деп ойлаймын. Аталған елдермен Қазақстанды салыстыратын болсақ, мен мұның басты үш факторына тоқталар едім.

Бірінші фактор, аумақ пен халық санының айырмашылығы. Әлемдегі жер көлемі бойынша тоғызыншы орын алатын Қазақстан Беларусь елінен шамамен он есе үлкен. Халық саны жағынан да біз

олардан екі есе көппіз. Бұдан қандай қорытынды шығады? Біріншіден, елімізді газдандыру үшін әлдеқайда көп күш, ресурс және уақыт қажет. Өйткені, елдімекендердің бір-бірінен едәуір шалғай орналасуына байланысты тартылатын желілердің ара қашықтығы да анағұрлым ұзақ болады. Оның үстіне, Қазақстан аумағының 60 пайыздан астамы елдің батыс бөлігіндегі негізгі кен орындарынан айтарлықтай қашықта орналасқан. Екінші жағынан, Қазақстанда халықтың орналасу құрылымы кең аумақтарды қамтып, инфрақұрылымды жүйелі дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан, аумағы шағын, халқы тығыз орналасқан және инфрақұрылым тартуға қолайлы Беларусь Республикасымен де, Армения елімен де салыстырғанда, аздап кешеуілдеп қалғанымызды осы фактордың өзімен-ақ түсіндіруге болады.

Алайда, мәселе мұнымен шектелмейді. Екінші фактор да Қазақстан үшін оңай болмады. Біз бұрынғы Кеңес одағы кезеңінде географиялық ерекшеліктерге байланысты қалыптасқан тарихи газ тасымалдау жүйесінің салдарын да ұмытпауымыз керек. Тәуелсіздік алған кезде біз негізінен Қазақстанның батысы арқылы өтетін магистральдық газ құбырларын, «Орталық Азия – Орталық» және «Бұқара – Орал» желілерін мұра етіп алдық. Ал, Қазақстанның оңтүстігі негізінен Кеңес Одағының ортаазиялық республикаларынан өндірілген газды әрі қарай Еуропаға жеткізуге арналған «БҒР – ТБА» және «Газлы – Шымкент» магистральдық газ құбырлары арқылы ішінара газбен қамтамасыз етіліп келді. Соның салдарынан тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында еліміздің оңтүстігі өзбек газына тәуелді болғанын да жасырмай, айтуымыз керек.

Осы ахуалға байланысты Қазақстан өз кен орындарының географиясын, сондай-ақ, ел аумағының кеңдігін ескере отырып, батыстан шығысқа қарай жаңа газ құбырларын тартуға мәжбүр болды. Халықтың көгілдір отынға деген сұранысын қамтамасыз ету үшін төл ресурсымызға сүйеніп, жаңа магистральдық бағыттар ашуға қол жеткіздік. Батыстағы кен орындарынан газды еліміздің орталығы мен солтүстігіне жеткізу үшін ұзындығы бір жарым мың шақырымдай газ құбыры салынды. Әсіресе, «Қазақстан – Қытай», «Бейнеу – Бозой – Шымкент» секілді күретауық құбырлардың іске қосылуы газдандыру ісін едәуір ілгерілетті. Елордада «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының тартылуы да көптеген мәселені шешуге мүмкіндік берді.

Ал, үшінші фактор Қазақстандағы газ өндірудің ерекшелігіне байланысты. Біздің елде өндірілетін және ішкі нарыққа бөлінетін газдың едәуір бөлігі мұнай өндірумен тікелей байланысты. Өйткені, кен орындарындағы ілеспе газ мұнай өндіру қарқынын төмендетіп алмау үшін көмірсутек қабаттарының қысымын ұстап тұруға пайдаланылады. Сондықтан, Қазақстан – ілеспе газды тиімді пайдалану мәселесінде әрдайым тепе-теңдікті ұстануға мүдделі.

Осындай күрделі жағдайға қарамастан, Қазақстанда көгілдір отынды тұрақты тұтынатын тұрғындар саны 2,6 миллионға жуықтады.

– Қазақстан өңірлерді газдандыру мәселесінде әлдеқайда күрделі техникалық-экономикалық міндеттерді еңсергені белгілі. Қарағанды, Ұлытау облыстары мен Астана қаласына газ жеткізуші «Сарыарқа» магистралы да – сондай еңселі жобалардың бірі. Өзге өңірлердегі ахуал қандай?

– Иә, небір қиындықтарға қарамастан,



Қазақстан халықты экологиялық жағынан барынша таза отын түрімен қамтамасыз ету бағытында көптеген мәселені дер кезінде және жүйелі шеше білді деп нық айтуға болады. Бір ғана мысал, Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау және Жамбыл облыстарында, сондай-ақ, республикалық маңызы бар үш мегаполис Астана, Алматы және Шымкент қалаларында газдандыру деңгейі қазірдің өзінде 91-98 пайызға жетті.

Екі ірі мегаполистегі жағдай да едәуір жақсарды. Бүгінде Алматы қаласы толықтай газдандырылды деп айтуға толық негіз бар. Ал, Елорда мен оның агломерациясында өткен жылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің, Ақмола облысы мен Астана қаласы әкімдіктерінің, «QazaqGaz» ұлттық компаниясы бізбен бірге бірлескен күш-жігерінің арқасында Ақмола облысындағы Жібек жолы, Нұрлы, Шұбар, Аққайың, Талапкер, Ыбырай Алтынсарин, Қоянды ауылдарына және Қосшы қаласына табиғи газ берді. Соңғы болып Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақмола облысының Қараөкел ауылындағы 4107 үйді көгілдір отынмен тұрақты әрі үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалды.

Елордадағы ауқымды газдандыру жұмыстары қаланың экологиялық ахуалын жақсартуда бәтұбыс кезеңіне айналды.

Астанаға табиғи газ берілгені бері қала маңындағы бірқатар аудандар мен елдімекендердегі тұрғындардың өмір сүру сапасы айтарлықтай жақсарды. Мұның экологиялық әсерін айтпағанның өзінде, жеке үйлер секторындағы азаматтардың от жағу, отын сақтап алу, құл шығару сияқты тұрмыстық ауыртпалықтан арылуының үзі үлкен өзгеріс. Өрине, Елордаға табиғи газдың алғашқы текше метрі берілген күн мен қазіргі жағдайды салыстыруға келмейді. Астана қаласын газдандыру жобалары жоспарға сай әрі қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылып келеді. Қала халқының өсуіне сәйкес оған техникалық қызмет көрсету жұмыстарының көлемі де, сапасы да артып отыр.

Мемлекет басшысы өзінің жыл сайынғы Жолдауында елімізді газ қуатымен қамтамасыз етудің маңызын ерекше атап өтеді. 2025 жылы 95 елдімекенде 350 мың адам газбен қамтамасыз етілді. Сондықтан, «QazaqGaz Aımaq» АҚ адамдарға жылы мен жайлылық сыйлау, ел жағдайының жақсарып, өсіп-өркендеуіне үлес қосу, өнеркәсіпті дамыту және қоршаған ортаны қорғау жолындағы жұмысын жалғастыра береді. Біз үшін жоғары сапалы қызмет көрсету деңгейін сақтау – өзгермейтін қағида.

Еліміздің бас қаласында қазірдің өзінде ЖЭС-1, ЖЭС-2, ЖЭС-3, «Ого-Востоко» ГТС және «Тұран» ГТС жылу энергиясын өндіру және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін газ пайдаланып отыр. Бұдан бөлек, ірі қалаларды сенімді газбен қамту мақсатында 2-3 магистральдық газ тарту станциясын орнату арқылы жоғары қысымды газ құбырларының сақинасы салынууда. Ал, бұл станциялардан орта және төмен қысымды газ желілері таралады. Соның нәтижесінде солтүстік және оңтүстік астаналардың энергия көздерін көмірден газға көшіру бағытында атқарылған шаралар ірі мегаполистердегі экологиялық ахуалды айтарлықтай жақсартуға ықпал етті.

Цифрлық жүйе сиқырлық арбау емес

– Осыныша ауқымды жұмысты атқаруда еліміздің энергетика саласын цифрландыру шешімдері естігін тигізіп жатыр ма? Себебі, «QazaqGaz Aımaq» компаниясын энергетика саласын цифрлық форматқа көшіруге қолбасшы ұйымдардың бірі деп естиміз.

– Цифрлық трансформация – болашақтың жоспары емес, компанияның күнделікті жұмысының нақты бөлігі. Бүгінгі таңда «QazaqGaz Aımaq» өтініш беруден бастап газ тұтыну көлемін есепке алуға дейінгі бүкіл процесті өзгертетін цифрлық шешімдерді енгізіп келеді.

Газ саласын цифрландыру жобалары тұрғын үйлерді газға қосуды жеңілдетумен қатар, оның экономикалық тиімділігін де көрсетіп отыр. Мысалы, 2023 жылдың қазан айынан бастап үйге газ кіргізуге арналған техникалық шарттарды алу онлайн форматқа ауыстырылды. Енді тұрғындар eGov.kz порталы арқылы өтініш беріп, ешқандай кеңсеге бармай-ақ, кезек күтпей-ақ үйіне көгілдір отын кіргізуге мүмкіндік алады. Барлық рәсім 10 минуттан аспайды.

Жеке тұлғалармен қатар, заңды тұлғалар үшін де газ тартуды рәсімдеу әлдеқайда жеңілдетілді. Газды бөлшек саудада өткізу шарттарына электрондық қол қою порталы іске қосылды. Соның арқасында заңды тұлғалар қағазбастылықтан



Қазақстан аумағындағы барлық газ тарту станциялары мен ішкі құбырларға техникалық қызмет көрсету, газ жеткізу желілерінің үздіксіз әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету.

«QazaqGazAımaq» АҚ-ның Қарағанды өндірістік филиалы бұл бағыттағы жұмыстары жүйелі атқарып, газ құбырлары құрылысын айналысатын мердігер компаниялар жұмысын бақылау, желілерді қабылдау, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету және тұтынушыларға құжаттама бойынша бойынша қолдау көрсетіп келеді. Қарағанды филиалы Қарағанды, Ұлытау облыстарына қызмет көрсетеді.

Жалпы, Қарағанды облысында газдандыру жобасы қарқынды жүріп жатыр. Мәселен, Қарағанды қаласында 9921 үйге, Теміртауда 2874 үйге газ құбыры жеткізілді. Ал, Қарағанды қаласы бойынша 5359 үй, Теміртау қаласы бойынша 2228 үй нақты газбен жабдықтау желісіне қосылды. Алдағы уақытта Шахтинск, Саран қалалары мен Ақтас, Дубовка, С.Сейфуллин, Ақсу-Аюлы кенттерін газбен жабдықтау жобаларының құжаттары әзірленуде.

– Бәрекелді! Қарағандыда тек жеке меншік тұрғын үй секторы ғана емес, өндіріс орындарын газдандыру мәселесі өзекті болып отырғаны белгілі. Бұл мақсатта қандай жұмыстар атқарылды? Алдағы уақытта жоспарланған қандай жобалар бар?

– Шынымен де, өндірістік кәсіпорындардан ауаға таралатын зиянды қалдықтар

дыру жобасы экономикалық аймаққа қатысушы кәсіпорындардың қаржысымен шешімін табатын болды.

Жалпы, Қарағанды облысы аумағындағы газдандыру жобасының жүйелі түрде жүзеге асуына жергілікті атқарушы биліктің ықпалы зор болып отырғанын ерекше атап өтуге тиіспіз. Облыс әкімдігі жер телімдерін заңдастыру, мердігерлермен арадағы келісімді рәсімдеу, бақылау-қабылдау жұмыстарына зор жауапкершілікпен қарап, уақыттан ұтылмайтын режимде қызмет ету ұстанымын қатаң ұстанып отыр. Нәтижесінде, қаланың экологиясы жақсарып, газдандыру жобасының экономикалық тиімділігі дәлелденуде.

– Сіз басқаратын компанияның қарағандылық филиалының қызмет көрсету аумағы жөнінде нақты ақпарат бере кетсеңіз...

– Қарағанды филиалының қызмет көрсету аумағы өте ауқымды. Өйткені, филиал сөз басында айтып өткенімдей, екі облысқа қызмет көрсетеді. Филиал қарамағында «Қарағанды», «Теміртау», «Жезқазған» деп аталатын үш автоматтандырылған газ реттеу станциясы бар. Осы үш станция 797,5 шақырымдық құбыр арқылы газ тасымалдайды. Осыныша қашықтықтан өндірішіден тұтынушыға жеткізу, тұтыну кезіндегі қауіпсіздік, апатты жағдайларда шұғыл қызмет көрсету функциялары – Қарағанды филиалының құзыретінде.

арылып, қосымша келісімдерге тиісті веб-порталда қол қояды. Сонымен қатар, газ тарту желілерінің цифрлық картасы да жасақталды.

Цифрлық трансформациядағы маңызды бағыттардың бірі – ақылды есептегіштер жүйесі. Smart-есептегіштер деректерді автоматты түрде, қателіксіз және жоғары дәлдікпен жолдайды. Бұл шығынды азайтып, ашықтық пен сенімділікті арттырады. Былтыр іске қосылған «QazaqGaz Аймақ» мобилді қосымшасы да деректер беруді жеңілдетті. Есептегішті суретке түсірсеніз – жеткілікті, ал, жасанды интеллект көрсеткіштерді танып, олардың дұрыстығын тексереді. Қазіргі уақытта қосымшаны 700 мыңнан астам абонент жүктеп, оның көмегімен тұтынушылар ай сайын 270 мыңнан астам көрсеткіш тапсырды.

Сонымен қатар, Қарағанды облысында «Qugal» қосымшасы белсенді түрде енгізіліп, барлық газ тұтынушылардың 79,56 пайызы есептегіш көрсеткіштерін осы қосымша арқылы береді.

Біз компанияның технологиялық жаңалықтары әрбір отбасының тұрмысын жеңілдетіп, күнделікті өміріне жайлылық әкеледі деп сенеміз.

– Қауіпсіздік шаралары туралы да айта кетсеніз. Жылу беру маусымы кезінде бұл мәселе тіпті өзекті бола түседі ғой.

– Дұрыс айтасыз. Күзгі-қысқы кезеңде қауіпсіздік мәселесі әрдайым алдыңғы қатарға шығады. «QazaqGaz Аймақ» компаниясы тұтынушыларға газды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігін тұрақты түрде түсіндіріп келеді. Әсіресе, газ құрылыстарын пайдаланғанда аса мұқият болудың маңызы зор.

Мысалы, 2024 жылдың 13 қыркүйегінен бастап, барлық өңірде «112» біріншілік диспетчерлік қызметі арқылы азаматтардың ұялы телефондарына табиғи газды қауіпсіз пайдалану ережелері жөнінде SMS-хабарламалар жіберіле бастады. Сонымен қатар, өңірлердегі төтенше жағдайлар департаменттерінің мамандарымен бірлесіп, жоспарлы рейдтер ұйымдастырылып келеді. Аудан және қала аумағындағы әлеуметтік нысандарда, жатақханаларда, тұрғын үйлерде, қоғамдық орындарда, кәсіпкерлік нысандардағы ішкі газ жүйелері, газосигнализаторлар, мұржалардың тазалығы, автономды пештер, желдеткіш арналары мен электр жабдықтарын қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша мониторинг пен үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі. Бұл бағытта жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен, газ-техникалық инспекциямен және төтенше жағдайлар қызметімен бірлескен профилактикалық іс-шаралар аясында облыстар бойынша тұрғын үйлерді жоспарлы аралау да жүзеге асырылып жатыр. Мұның бәрі қауіпсіздік стандарттарының сақталуын жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, компания әлеуметтік желілерді де белсенді пайдаланып, тұтынушыларды табиғи газды қауіпсіз пайдалануға үйретуде. Телеарналардан күніне бірнеше рет көрсетілетін бейнероликтер ауруханалар мен емханаларда, сауда орталықтарында, Халыққа қызмет көрсету орталықтарында, көшедегі және қоғамдық көліктегі мониторларда, кинотеатр экрандарында үздіксіз беріліп келеді. Әр шаңыраққа жылу мен жайлылық сыйлауды, қауіпсіз газ жеткізуді басты міндет санайтын «QazaqGaz Аймақ» АҚ мамандары алдағы уақытта да озық технологияларды өндіріске енгізіп, қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыруға үлес қоса береді.

Компания апаттық және штаттан тыс жағдайларға жедел әрекет ету жұмыстарына жоғары жауапкершілік танытады. Мысалы, ақпан айында Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында қатты аяз кезінде жүк көлігі жерүсті газ құбырына соғылып, 50-ге жуық тұрғын үй жылусыз қалу қаупіне ұшырады. Ресми ақпарат бойынша, келтірілген зақым салдарынан құбыр жүйеден толық ажырап, 9 тірек бүлінген. Апаттық қызмет мамандары қысқа мерзім ішінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарға жылу



қайта берілді. Батыс Қазақстан облысында да «КамАЗ» автокөлігі газ құбырын зақымдаған оқиға тіркеліп, мұнда да жедел шаралар қабылданды. Алматыда наурыз айында манипулятор жүргізушісі шамамен 150 метр газ құбырын бүлдірген жағдай тіркелді. Мұндай оқиғалар газ инфрақұрылымын қорғау және үшінші тұлғалардың жауапкершілігі мәселесінің өзектілігін тағы бір көрсетті.

Өңірлердегі филиалдарда тәулік бойы кезекшілік атқаратын апаттық-диспетчерлік қызметке былтыр 63 жаңа автокөлік табысталды, ал, былал олардың қатары тағы 43 көлікпен толықты. Еске саларлық мәселе, газдың иісі сезілсе немесе қандай да бір күдік туындаса, азаматтар дереу 5-104 нөміріне хабарласуы тиіс.

Сапа да, баға да – маңызды

– Жоғарыда газдандыру жұмыстарын компания әкімдіктермен бірлесіп жүргізетінін айтып өттіңіз. Осы іскерлік ынтымақтастықтың тетіктеріне тоқталып өтсеңіз...

– Газдандыру жобаларын іске асырудағы маңызды бағыттардың бірі – әкімдіктермен ынтымақтастық. Бұл жұмыс міндеттерді нақты бөлу мен өзара жауапкершілікке негізделген. Қазіргі уақытта газ тарту желілерінің басым бөлігі жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражаты есебінен салынып жатыр. Бұл жобаларда тапсырыс беруші – әкімдіктер, ал, мердігерлер – тендер рәсімдері арқылы таңдалатын ұйымдар. Ақционерлік қоғам бұл процестерге бастапқы материалдарды дайындау кезеңінде қатысып, техникалық шарттарды белгілейді.

Сонымен қатар, әкімдіктермен жасалған меморандумдар аясында «QazaqGaz Аймақ» АҚ жобаны іске асырудың барлық кезеңінде техникалық мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады. Бұл – өте маңызды. Себебі, құрылыс аяқталғаннан кейін газ желілері әрі қарай техникалық қызмет көрсету үшін біздің компанияға беріледі. Біздің мамандардың газ тарту жүйелерін пайдалану саласында мол тәжірибесі бар. Сондықтан, мүмкін болатын қателіктерге жол бермеу және жүйелердің болашақта сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін біз құрылыстың барлық кезеңіндегі сапаны мұқият қадағалаймыз.

– Екіжақты жауапкершілікке негізделген осындай ынтымақтастыққа күрмеуі қиын мәселелер кездесе ме?

– Әрине, жауапкершілік аясы қолданыстағы заңнама талаптары мен есіжақты келісімдер негізінде нақты айқындалады. Дегенмен, кез келген ірі жобадан кездесетіндей, кейде белгілі бір келдергілер туындайтыны рас. Мысалы, қаржының уақытылы бөлінбеуі немесе инфляция мен басқа да факторлардың әсерінен құрылыс құнының ұлғаюы жобаларды іске асыру мерзімін шегеруге алып келуі мүмкін. Ал, бұл өз кезегінде құрылыс барысының

кешігуіне және кейін нысандарды пайдалану кезінде түрлі мәселелердің туындауына әсер етеді. Сондықтан, біз жұмыстың әр кезеңінде барынша дәлдікпен және үйлесімді әрекет етуге тырысамыз.

Оның үстіне, Энергетика министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен тұрақты кездесулер өткізу, бірлескен жұмыс топтарының қызметі, сондай-ақ, Қазақстан Республикасын газдандырудың Бас схемасына сәйкес газбен жабдықтауды дамыту жұмыстарын жоспарлау туындаған мәселелерді дер кезінде шешуге мүмкіндік береді.

– Мемлекет басшысының 2024 жылғы 8 мамырдағы «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлығына сәйкес 2027 жылдың соңына қарай Үкімет жанармай нарығындағы бағаны реттеуден толық бас тартуы керек. Сол уақытта нақты тұтынушы үшін газ бағасы қаншаға көтерілетінін болжауға бола ма?

– Иә, рәсидіңде да аталған Күштегі Үкіметке Басқарушының қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, монополиялық нарықты қоспағанда, бағалар мен тарифтерді белгілеу еркіндігін тікелей немесе жанама шектейтін нормаларды 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін кезек-кезеңімен жоюды тапсырды. Ал, біз жұмыс істеп отырған тауарлық газды сату нарығы монополиялық қызмет түріне жатады.

Егер Ұлттық экономика министрлігінің келісімі бойынша Энергетика министрлігі бекітетін тауарлық табиғи газдың көтерме бағасы өзгерсе, біздің компания бұл тізбектегі соңғы орындаушы болғандықтан, жергілікті уәкілетті органның келісімімен тұтынушылар үшін бөлшек сауда бағасын қайта қарауға мәжбүр болады.

Мұнда тағы бір ерекше ескеретін маңызды жағдай бар. Елдегі газдың негізгі бөлігі батыс өңірлерде өндіріледі. Ал, оны шалғай өңірлерге жеткізу соңғы бағаның 80 пайызына дейінгі шығынды құрауы мүмкін. Сондықтан, газдың бөлшек саудадағы бағасы мемлекеттік органдармен нақты құжатталған шығындар негізінде қалыптастырылады және бекітіледі.

Басқа елдердің тәжірибесіне сүйенсек, тауарлық газ нарығын ырықтандыруға қатысты әлі нақты әрі біржақты жауап жоқ. Мысалы, Италияда бұл нарық салыстырмалы түрде жақында ғана ырықтандырылды. Данияда ірі энергетикалық «Orsted» компаниясы акцияларының 50,1 пайызы мемлекетке тиесілі. Норвегиядағы «Gassco» газ операторы да квазимемлекеттік компания болып саналады.

Тауарлық газ нарығының стратегиялық маңызын, оның әлеуметтік сипатын және ішкі субсидиялау механизмін ескерсек, бүгінгі күні реттеуші органдар алдында баға саясатының болашақ бағытын айқындауда кешенді тәсілдің қажеттілігі туындап отырғаны анық.

– Осы мәселеге байланысты тағы бір сұрақ... Өткен жылдың соңында Сіз басқаратын компания тиісті ми-

нистрліктермен бірлесіп отырып, атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмегін алушылар үшін тауарлық газ бағасын субсидиялау бойынша бірлескен пилоттық жобаны іске қосты. Жерілік мөлшері мен субсидияланатын тұтыну көлемі қандай есептерге негізделді?

– Қазақстанда газ бағасын мемлекеттік орган реттейді. Халық үшін екі тарифтік санат көзделген: базалық тариф және атаулы әлеуметтік көмек пен тұрғын үй көмегін алушыларға арналған жеңілдетілген тариф. Бұл жеңілдік 2022 жылдан бастап, қолданылып келеді. Айта кету керек, 2024 жылдың желтоқсанына дейін жеңілдік беру механизмі бұрынғы тәсілмен жүзеге асырылды. Яғни, көмек алушылардың тізімдерін әкімдіктер жолдап, олардың деректері абоненттік базамен салыстырылатын. Алайда, мекенжайдың өзгеруі, деректердегі қателіктер немесе меншік құқығының болмауы секілді факторларға байланысты көмекке мұқтаж кейбір азаматтар бұл қолдауды ала алмай қалатын.

Сондықтан, өткен жылдың соңынан бастап, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қолдауымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлі-

салудың кезекті кезеңі аяқталып, 1 076 абонент немесе 4 300-ден астам тұрғын табиғи газға қосылды. Наурыз мерекесі қарсаңында Теміртаудың Соңгород ауданындағы тұрғындардың бір бөлігі де табиғи газға қосылып, бұл жоба «Сарыарқа» магистралдық газ құбырының бірінші кезегі, үшінші іске қосу кешені аясында жүзеге асырылды.

Астана мен елорда агломерациясында 2025-2026 жылғы жылыту маусымы тұрақты аяқталды. Астаналық өндірістік филиалдың пайдалануында 2 278 шақырым газ тарту желісі бар, оның 807 шақырымы Астана қаласына, 1 471 шақырымы Ақмола облысына тиесілі. Жүйеге 21 844 абонент қосылған. 2025-2026 жылдары 980 шақырым газ құбыры, 4 газ реттеу пункті, 104 шкафтық газ реттеу пункті және 277 жеке шкафтық пункт пайдалануға берілді. Бұл жұмыстар қыс мезгіліндегі жоғары жүктеме кезеңінде жүйенің өткізу қабілетін арттырып, тұтынушыларды тұрақты газбен жабдықтауға мүмкіндік берді.

2026 жылғы корпоративтік және әлеуметтік бастамалар да жалғасты. Қызылорда өндірістік филиалы қасиетті Рамазан айында «Жүрек жылуы» қайырымдылық



ті және біздің компания бірлесіп, eGov Mobile платформасындағы «Әлеуметтік емиян» бағдарламасы арқылы жаңа цифрлық жүйені іске қосты. Қазір бүкіл процесс автоматтандырылған. Атаулы көмек алатын азаматтарға 1414 нөмірінен жеңілдік жөнінде SMS-хабарлама келеді. Олар бағдарламаға қатысатынын растап, өздерінің жеке шотын көрсетеді. Осымен рәсім аяқталады. Бұл уақытты үнемдеуге, қателіктердің алдын алуға және әлеуметтік көмектің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр. 24 пайыз жеңілдік төлем кезінде автоматты түрде қолданылады. Соның арқасында бір отбасы бірнеше мың теңге үнемдей алады. Қазір бұл жоба бүкіл республика аумағында кеңінен қолданылып отыр, шамамен 44 мың отбасы тауарлық газға жеңілдік алды.

– Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында атқарылған жұмыс ауқымы жөніндегі ақпаратпен бөліссеніз...

– 2026 жылдың алғашқы айларында «QazaqGaz Аймақ» АҚ газбен жабдықтау жүйесінің сенімділігін сақтау, күзгі-қысқы жылыту маусымын тұрақты өткізу, жаңа тұтынушыларды қосу және қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жұмыстарды жалғастырды. Жыл басынан бері еліміздің бірқатар өңірінде газдандыру жобалары жалғасып, өндірістік филиалдар жылыту маусымынан ойдағыдай өтті. Ал, қауіпсіздік пен цифрландыру бағыттары бойынша жүйелі шаралар іске асырылды.

Газдандыру бағыты бойынша 2026 жылдың басынан бері 32 мыңнан астам қазақстандық табиғи газға қол жеткізді. Бұл жұмыстар Астана қаласында, сондай-ақ, Қарағанды, Жамбыл және Түркістан облыстарында іске асырылды. Теміртау қаласында газ тарту желілерін

ақциясын өткізіп, аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себеттерін таратты. Суаір айында Қызылорда өндірістік филиалы Ұлттық құрылтайды өткізуге қосқан үлесі үшін облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, екі күн бойы үздіксіз жұмыс істеген 10 сала маманы арнайы аталып өтті. Сонымен бірге, компания жастары экологиялық акцияларға қатысып, Қарағанды мен өзге өңірлерде сенбілік жұмыстарына белсенді араласты.

Оған қоса, өткен Референдумға 5309 әріптестерім бірауыздан дауыс беріп, азаматтық ұстанымдарын танытты.

Осылайша, 2026 жылдың алғашқы айларындағы жұмыстар «QazaqGaz Аймақ» АҚ үшін тек жылыту маусымын қорытындылау кезеңі емес, сонымен бірге газдандыруды жалғастыру, жүйенің сенімділігін күшейту, қауіпсіздікті арттыру, инфрақұрылымды жаңарту және халыққа сақалы қызмет көрсету бағытындағы сабақтас жұмыстың жалғасы болғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, газдандыру, тек халықтың жайлы өмір сүруіне қызмет ететін жоба емес. Ол сонымен бірге экологиялық ахуалды жақсартуға, өңірлердің дамуына, адамдардың тұрмыс сапасын арттыруға және елдің энергия қауіпсіздігін нығайтуға тікелей ықпал етеді. Біз бұл маңызды міндетті өзімізге жүктелген мемлекеттік жауапкершілік деп түсінеміз.

– Сол міндет үдесінен шыға беріңіздер! Компания жұмысы туралы толыққанды ақпарат беріп, жоба-жоспарларыңызбен бөліскеніңіз үшін көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Ерсін МҰСАБЕК

Суреттер «QazaqGaz Аймақ» АҚ баспасөз қызметінен алынды



• ТАҒЫМ

Балқантаудың сырбазы

Биыл – еңбек ардагері, Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер Сайлау Камалиұлының туғанына 100 жыл толды. Кешегі Кеңес заманында ауыл еңбекшілеріне сауда қызметін көрсеткен тұтынушылар қоғамының жұмысын мінсіз ұйымдастырушылардың бірі – осы Сәкен болатын. Ол бұрынғы Егіндібұлақ аудандық тұтынушылар қоғамында табан аудармай 20 жыл бас есепші болып қызмет істеген еді. Оз ұжымында білгір басшы болып, көптің ортасында «Салиқалы Сәкен» атанған осы азаматтың өмір жолын бүгін баяндаудың реті келіп тұр. Ендеше, оқып көріңіз...



Сайлау Камалиұлы 1926 жылы қаңтар айында бұрынғы Қу ауданының алыс түпкіріндегі Мыржық ауылында дүниеге келген. Әкесі Камали ата сол 30-шы жылдары ауыл тұрғындары үшін құрылған тұтынушылар қоғамын құрушылардың бірі болып, Мыржықта сағушы болған. Әрине, колхозға жаңа бірігіп жатқан сол кінді кезде жазда арбамен, қыста шапанмен қыстауда отырған ауыл адамдарына қат товарлар мен азық-түлік жеткізу міндетін Камали Бейсейітұлы шама-шарқынша атқарған екен. Бұл жерде айтпағымыз мынау еді. Тұтынушылар қоғамының ардагері Сайлау Камалиұлының әкесі де осы салада еңбек еткен, яғни, бұл әулет халыққа қызмет көрсетумен айналысқан. Аштықтан кейінгі сол бір жылдары, 1932 жылы бала Сайлау ауылдық бастауыш мектепке оқуға барып, одан кейін сол кездегі Қу ауданының орталығы Егіндібұлақ селосындағы орта мектепте оқиды. Өзінің ықтияттығы, зеректігімен жас күнінен ұстаздардың көзіне түсіп, оқуды жақсы оқиды. Ол уақыттағы мұғалімдер сонау патша заманында, Ақайдың Қасени ашқан мектептен, одан соң Қарқаралыдағы орыс-қазақ лицейін бітірген Қажықен Смайылов тәрізді ұлағатты ұстаздар еді. Олардың білімі де, талабы да жоғары болатын. Сондықтан, ең зеректі балалар ғана кластан класқа көшетін. Оның үстіне, күнөкері кнн отбасылардың балалары тұрмыс тауқыметіне шыдамай, оқуын тастап, қара жұмысқа араласып кететін. Бірақ, Камали әулетінің балалары мектептен қол үзбеді. Сөйтіп, 1940 жылы жасөспірім Сайлау орта мектепті ойдағыдай бітіріп шықты. Сауатсыздық белең алып тұрған сол жылдары орта мектепті толық бітірген жастар кәдімгідей білімділер қатарында болатын. Олардың көбі өздері оқыған мектепке мұғалім болып қабылданып, кейбірі түрлі мекемелерге қызметке кіретін. Ал, есепке жүйрік Сайлау Камалиұлы Қоянды колхозына есепші болып қабылданып, 1940-1942 жылдары қатардағы есепші болып қызмет істейді. Бас бухгалтердің үйреткендерін бірден қағып алып, өзінің есеп-қисапқа қабілеті бар екенін көрсетеді. Екі жылға толар-толмас уақытта өзінің ықтияттылығы, тапсырған іске жауапкершілікпен қарауының арқасында бухгалтерия қызметін меңгеріп алады. Ол болашақта білгір есепші болатынын сол бозбала күнінде байқағанды.

Сонымен, 1943 жылы қаңтар айында Сайлау аға әскер қатарына шақырылады. Мұның алдында 1942 жылы 20 желтоқсанда оның Кеңес армиясының қатарына алынуына байланысты Қоянды колхозынан жұмыстан босатылады. Сөйтіп, ол шын мәнінде 17 жасында әскерге алынып, Тамбов жауа әскери училищесіне курсант болып қабылданады. Әрине, әскери қаруды меңгеруге қабілетті жас жігітті бірден қанды майданға аттандырмай, әскери училищеге жіберу заңдылық қой. Негізінен, жауа әскер полктеріне офицер даярлайтын бұл Тамбов әскери училищесі ол уақытта Семей қаласына эвакуацияланған еді. Бейбіт уақытта 3 жыл оқытатын мұндай әскери оқу орындары қысқа мерзімде кіші командирлер даярлауға кіріскен еді. Солардың қатарында 6 ай зениттік қондырғысын оқыған Сайлау аға наводчик мамандығын меңгерді.

Сонымен, ефрейтор шеніндегі зенит қондырғысының наводчигі Сайлау Камалиұлы 1943 жылы шілде айында Тамбов әскери училищесін бітірген соң 13-ші жеке әуе-десант бригадасының 349-шы жеке зениттік артиллерия дивизионына қарасты 1867-ші зениттік-артиллериялық полктің сапында қызмет еткен-ді. Ол сол 1943 жылдың қаңтар айынан 1948 жылдың ақпан айына дейін бес жыл Кеңес армиясының қатарында қызмет еткен. Бірақ, Сәкен осы жылдары майдандағы шайқастарға тікелей қатыспаған. Сол себепті, Ұлы Отан соғысының ардагері деген мәртебе алмай, соғысқа қатысушы болған. Оның жауынгерлік наградалары болмады. Олай болатыны, ол майдандағы ұрыстарға қатысқан жоқ. Тек оның омырауында 1945 жылғы «Германияны жеңгені үшін» медалі, 1965 жылғы «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20 жылдығы»

медалі және «СССР Қарулы күштерінің 50 жылдығы» медалі болған еді. Ал, Сәкен қызмет еткен зениттік-артиллериялық полк неге тікелей майданға аттанбады? Біздің пайымдауымызша, бұл зениттік бөлім көбінесе стратегиялық нысандарды, әскери заводтарды әуеден қорғаған тәрізді. Сол себепті де Сайлау Камалиұлы 1948 жылға дейін әскер қатарында болды. Ол қызмет еткен зениттік бөлім стратегиялық объектілерді күзетіп, соғыс бітсе де тағы үш жыл әскер қатарында болды. Ол заманда мемлекет мүддесіне қажет болса СССР Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен запасқа шығармай алып қалады екен.

Осылайша Кеңес армиясы қатарында бес жыл болып, ел көріп, жер көріп, ысылып, өмірлік тәжірибе жинап, орыс тілін меңгеріп, нағыз дер шағында елге оралады. Қылшылдап тұрған жас жігіт қандай жұмыс болса да, құлшына атқаруға даяр еді. Әрі елге де осындай жастар қажет болатын. Содан 1948 жылы аудандық тұтынушылар қоғамына қойма меңгерушісі болып қабылданып, сол жылы осы мекеменің сауда және шикізат дайындау жөніндегі басқарма басшысының орынбасары қызметіне тағайындалады. 1952-1953 жылдары тұтынушылар қоғамының бас бухгалтері қызметін атқарады. Осыдан кейін Қу аудандық почта бөліміне аға бухгалтер болып ауысып, сонда бір жыл еңбек етеді. Ол уақытта кадр мәселесін аудандық партия комитеті қадағалап, оларды қажетті салаларға бағыттап отыратын еді ғой. 1956 жылы шаруашылықтардың есеп-қисабын реттеу үшін Сайлау аға Қазақстанның 30 жылдығы атындағы совхоз болып қайта құрылғанға дейін бес жылға жуық еңбек етеді. Сол жылы «Егіндібұлақ» совхозының жоспарлау бөлімінің бастығы болып 4-5 айдай қызметте болады. Осылайша ол 10 жылдан астам әртүрлі салада тәжірибе жинап, өзінің кәсіби шеберлігін, тапсырылған іске жауапкершілік пен қарым-қабілетін дәлелдейді. Совхоздар құрылып, шаруашылықтар іріленіп, тың және тынайған жерді игеру басталып, егін шаруашылығы мықтап дами бастаған еді. Халық саны артып, аудан экономикасы қарқын алған тұста аудандық тұтынушылар қоғамының да жұмысы қанат жая бастайды. Міне, осы кооперация деп аталатын сауда саласын дамыту үшін Сайлау аға бас бухгалтер болып 1961 жылы қазан айында тағайындалады. Бұл қызметке оны аудандық партия комитеті сенім артып бағыттады. Міне, осы уақыттан бастап табан аудармай 20 жыл бойы, яғни 1981 жылға дейін бас есепші болып табысты еңбек етті. Тұтынушылар қоғамның сан-салалы бөлімдері бар мекеме екенін осы мақаланың басында қысқаша айтқан едік. Сауда болған соң есеп-қисап, товар айналымы, ақша айналымы деген болады. Сол себепті, аудандық тұтынушылар қоғамының кеңсесінде 16 есепші болған екен. Мұның сыртында әрбір салалық бөлімдер, шикізат даярлау, автобаз, қоғамдық тамақтандыру орындарының өз есепшілері бар. Қаншама қойма меңгерушілері өз есептерін әзірлеп, бас бухгалтердің алдына келіп отырады. Міне, осылардың барлығын уақытында қабылдап, есеп алып, олардың жұмысына тиісті түзетулер жасап отыру да бас есепшінің негізгі міндетінің бірі. Әрине, ол уақыттағы аудандық тұтынушылар қоғамының сан-салалы сауда қызметін заман талабына сай ұйымдастыру үшін жаңадан дүкендер салу қажет болды. Оған тиісті қаражатты тек «Казпотребсоюз» республикадан, «Центрсоюз» одақтан, яғни Мәскеуден бөлетін және оны мақұлдату үшін жоғары билік орындарының шешімі қажет болатын. Мысалы, Егіндібұлақ селосындағы қазір әлі ғимараты тұрған «Балқантау» гастрономының алғашқы жобасында оның екінші қабаты болмаған. Кейін оның үстінгі қабатына кооперация кеңесін орналастыру үшін рұқсат алуға Сайлау Камалиұлының ерекше үлесі болғанын айтуымыз керек.

Сәкен осылайша өз қызметін ұр-

шықтай үйіріп, бірнеше жүз адам жұмыс істейтін аудандық кооперация мекемесін алға сүйрей жүріп, өзінің білімін көтеруді де ұмытпаған. 1963 жылы Алматы халық шаруашылығы институтына сырттай оқуға түсіп, оны 1968 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Сол жоғары оқу орнын бітірген дипломын қарап отырып, оның бухгалтерлік есеп, ревизия және бақылау тәрізді негізгі пәндерден үздік баға алғанын білдік. Мемлекеттік емтиханды және дипломдық жұмысты да бестік бағаға қорғайды. Институт басшылығы оған Алматыда қалып, оқытушы болуды ұсыныпты. Бірақ бұл уақытта Сәкеннің ауылында бес баласы және кәрі ата-анасы бар еді. Сондықтан, Егіндібұлаққа қайтып, өзінің сүйікті қызметін жалғастырады.

Ол уақытта селолық жерде сауданы ұйымдастыратын кооперация мекемелері дотация алмайтын. Ауыл адамдары сол кооперацияның мүшесі болып, жылына 1-2 сом мүшелік жарна төлейді. Дүкенде сатылатын тамаққа 2 процент, өндірістік товарға 5 процент үстеме баға қойылады. Жаңа мүшелік жарна мен 7 проценттік үстеме баға кооперацияның өзін-өзі ақтау көзі болды. Ол үшін кадр мәселесін дұрыс жолға қойып, қоймашы, сатушы, автодүкен меңгерушілерін таңдай білу керек. Осы мәселелерді шешуде Сәкен үнемі араласып отырды. Ол кісі тек бас есепші болып, тек цифр санап қана отырмады. Сәкен басқарманың мүшесі болды, оның сөзі аса маңызды, кез келген шаруада салмағы болды. Ол кісінің пікірі әрдайым еске алынып, қабылданып шешім, бұйрықтардың негізіне алынатын еді. Сол уақытта Егіндібұлақ аудандық тұтынушылар қоғамының төрағасы қызметінде Әскен Ахметов деген бір сабырлы, аспайтын-саспайтын азамат болды. Ақырын ғана сөйлейтін, ешкімге ақырмайтын ұлкен адам еді. Сәкен мен Әскен аға бір-бірімен сыйласып, түсінісіп, сырласып, қандай да бір шешімді бірлесіп қабылдайтын-ды. Екеуі бір-біріне ұқсайтын орнықты, салмақты азаматтар қатарынан болды.

Егіндібұлақ ауданы кооперация жағынан ерекшелу еді. Басқа аудандарда өнеркәсіп мекемелері, егін шаруашылығы басым болса, ал, бұл өңірде мал шаруашылығы көбірек дамығаны белгілі. Бұл аудан басқалармен салыстырғанда көлемі кіші, товар айналым орындауға берілген жеңілдік, товар бағасына қосылатын үстемде артықшылықтар бар. Товарды алыс ауданға, малшы қыстақтарына жеткізуге басқалармен салыстырғанда тасымал шығыны көп болатыны белгілі. Сондықтан, сауданы тиімді ұйымдастырып, есептейтін арнайы экономистер, төрағаның орынбасарлары, аудандық дайындау

конторы бар, қоғамдық тамақтандыру, нан пісіретін наубайханасы бар болатын. Ал, совхоздардағы дүкендер аудандық тұтынушылар қоғамының меншігі емес. Олардың бәрі шаруашылықтардың меншігі және бәрі бірдей типовой емес. Совхозда екі пәтерлі үй салынса, соның бір жағын дүкенге береді. Оның ішіндегі сөрелеріне дейін сол жердің балташылары жасайды. Ол дүкен азық-түлік пе, әлде шаруашылық-тұрмыстық товарлар сататын дүкен бола ма, тіпті жаңағы қолдан жасалатын сөрелер қандай болуы керек деген мәселені шешетін, үйлестіретін сол кооперацияның төрағасы ғой. Әскен өз міндетіне сәйкес мәселені шешіп жатса, ал Сәкеннің бір ауыз сөзін еш совхоздың директоры жерге тастамайтын. Ол уақытта дүкенге

қызметі бар. Баласының алды мектеп бітіріп жатса, кенжесі мектепке енді ғана барған-ды. Солайша қиналып жүргенде Құдайға қараған Жолкен деген өзінен жас-сырақ келіншек кездесіп, 15 жылдай отасып, бала-шағаны жеткізді.

Жоғарыда Сәкеннің шаңырағында төлбасы болған Минаш, Мира, Гүлнар есімді үш қыздың болғанын айтқан едік. Олар да жоғары білім алып, тұрмыс құрып, ұрпақ өсірді. Өкініштісі, қазір Минаш пен Мира өмірде жоқ. Бірақ, соңында ұрпақтары қалды. Яғни, Сәкеннің жиендері де өсіп-өніп жатыр. Ал, ұлдың үлкені Серік әке жолын қылып, көп жыл кооперация саласында еңбек етті. Ол Қарағанды кооператив институтын тәмамдап, Егіндібұлақ аудандық тұтынушылар қоғамында түрлі қызмет-



сатушы керек, совхоздың және бөлімшелердегі сауданы басқаратын адам қажет. Сол совхозға бекітілген автодүкен болуы шарт. Осындай шаруаларды шешу кезінде Сәкен бірінші орында тұратын. Себебі, сол дүкендерді ұстап тұру шығынына төлейтін кооперацияда қаржы жоқ. Оны совхоздар өздері төлейді. Ал әр шаруашылықтың жағдайы әртүрлі, біреулері озық, біреулері артта қалған, шығыны көп совхоздар болды. Сондықтан, ондағы сауданы ұйымдастыруға, яғни еңбекшілердің тұрмысына қажет қаржыны аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы арқылы шешуде Сайлау аға үнемі араласып отырды. Сол совхоздарға қажет несие алып беру үшін басшылармен сөйлесетін, олардың тілін табатын да сол баяғы Сәкен.

Міне, Сайлау Камалиұлының негізгі өмір жолы осындай. Ол 20 жыл бойы Егіндібұлақ аудандық тұтынушылар қоғамында бас бухгалтер болып, табысты еңбек етті. Тек өмірінің соңында 1981-1983 жылдары осы мекеме төрағасының кадр жөніндегі орынбасары болып қызмет істеді. Алайда, 1983 жылы кенеттен сырқаттанып, операция үстінде қайтыс болып кетті. Халқы арулап шығарып салды. Елінің алдында елеулі қызмет істеп, соңына өнегелі, салауатты ұрпақ қалдырды. ***

Ұрпақ дегеннен шығады, Сайлау ағаның жеке өмірі, отбасы, бала-шағасы туралы айтпасақ, оның өмірбаяны толық болмас еді. Жалпы, Сәкеннің салауатты ұрпақ өсіріп, отбасында бақытты өмір сүрген азамат болғанын атап айтуымыз керек. 1948 жылы әскер қатарынан 23 жасында оралған соң бір жылдан кейін шаңырақ көтеріп, Бақытқамал деген бойжеткенмен отау тіккен болатын. Содан өмірге Минуар, Мира, Гүлнар есімді үш қыз бірінші соңынан бірі өмірге келді. Бұдан соң Камали ата әулетін жалғастырушы, шаңырақ иелері Серік пен Берік деген екі ұл туған еді. Осылайша, бес бүлдіршінді болған Сәкен әке болу бақытына ие болды. Әрі қолында жасы келген анасы бар болатын. Содан 1959 жылы өзінің үлкен отбасына арнап Егіндібұлақ селосынан көктөбелі үй салғанды. Сөйтіп, ағайын-туысты, қаладан келген сыйлы қонақтарды қабылдап, сән-салтанатпен шығарып салатын мұзели шаңырақтың бірі болды. Өзі қандай сымбатты, талғаммен киім киген сырбаз болса, тұрмысы да сондай салтанатты еді. Тазалықты жақсы көретін, Сәкен үстіне шаң жуытпай мұнтаздай болып жүрсе, үйдің ішін, ошақ басын таза ұстауды талап ететін. Бала-шағалары да кішкентай күнінен осындай тәртіп пен тазалықты үйренді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деп осындайда айтады ғой. Өкінішке қарай, Сәкеннің бәйбішесі Бақытқамал ауыр науқасқан 37 жасында өмірден өтіп кетті. Сөйтіп, жасы келген анасы мен бес бала өзіне қарап қалды. Бір жағынан жауапты

тер атқарды. 1983 жылы әкесі қайтыс болған соң қарашаңыраққа ие болды. Содан тұтынушылар қоғамы тарқағанша қызмет істеп, 1998 жылы Қарағанды қаласына көшіп келді. Інісі Берік негізін қалаған «Сайбер» фирмасында директор болып, оншақты жыл істеді. 2009 жылы «Қазақмыс» компаниясының ішкі аудит инспекциясына аға инспектор болып орналасты. Осы қызметті 2023 жылға дейін атқарып, зейнеткерлікке шықты. Жұбайы Гаухар екеуінің шаңырағында Дархан, Дина есімді екі бала дүниеге келді. Екеуі де өмірден өз орындарын тауып, құмыр сүріп жатыр. Бұл күнде үй Дархан мен келіні Гүлмираның үйінде Даниял, Батыр есімді екі ұл өсіп жатыр. Көзі ашық, көкірегі ояу болып өскен Даниял қазір «Гидро-құрылыс» деген ірі компанияның басшысы. Болашағынан үміт күттіретін кәсіпкер. 2025 жылы 14 қарашада Камалиевтер әулеті киелі Түркістанға сапарлап, Қожа Ахмет Ясауи мен Арыстан бабтың басына зиярат етуге баруды ұйымдастыруға осы Дархан көп ұлес қосқан еді. Ал, Сәкеннің қызы Дина мен күйеу бала Бекзаттың шаңырағында екі жиен өсіп келеді.

Енді Сәкеннің кенжесі Беріктің жайына тоқталсақ, оның да әке үмітін ақтаған ұл деп ауыз толтырып айтуға болады. «Әке балаға сыншы» дейді. Сәкен де сүт кенжесінен бірдене шығатынын сезген тәрізді, үнемі қасынан тастамай, ертпін жүріпті. Үлкендердің әңгімесін тыңдатып, бата бергізген екен. Ақсақалдардың сол батасы қабыл болып, Берік жасынан сұңғыла болып өсті. Қарағанды политехникалық институтын бітіріп, жоғары білім алды. Жасынан іскерлігімен көзге түсіп, қызмет тасысымен тез көтерілді. Соның ішінде, 2006-2009 жылдары Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары, 2011-2012 жылдары Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі болды. Жалпы, 20 жылдай республика үкіметінің құрамында түрлі лауазымды қызмет атқарды. Беріктің Дәурен мен Диас есімді екі ұлы шетелде білім алған. Дәурен Астанада ірі компания басқарса, Диас Абу-Даби қаласында инвестициялық компанияны басқарады. Екі ұлдан туған немерелер Берік пен Зәурештің көз қуанышы болып өсіп келеді.

Қорыта айтқанда, биыл туғанына 100 жыл толып отырған Сайлау Камалиұлының өмір жолы, ұрпақтары туралы қысқаша айтпағымыз осы. Бір кездері Егіндібұлақ өңіріне еңбегі сіңген Сәкеннің балалары мен немерелеріне ұзақ құмыр, бақытты өмір тілейміз.

Серік СЕКСЕНУЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Сайлау Камалиұлы. 2. Жұбайы Бақытқамал Уахитқызы 3. Сәкен бухгалтерия қызметкерлерімен бірге (ортада).

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Қасиеті мол Құрбан айт

Мұсылман қауымының ұлық мерекесі – Құрбан айтқа орай облыстық «Әнет баба» мешітінде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған баспасөз мәслихаты өтті. Онда айт намазының уақыты, құрбандық шалудың тәртібі, арнайы белгіленген орындар, мерекелік бағдарлама, қайырымдылық шаралары және онлайн құрбандық шалу жүйесі туралы жан-жақты ақпарат берілді.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Түркі мемлекеттері ұйымына қарасты Мұфтилер алқасы жанындағы Пәтуа кеңесінің ортақ келісімі негізінде биылғы Құрбан айт күнін белгіледі. Арапа күні 26 мамырға сәйкес келсе, 27 мамыр – Құрбан айт мерекесінің бірінші күні болып бекітілді. Қарағанды облысы бойынша айт намазы таңғы сағат 06:30-да оқылады.

ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша бас имамы Естай Әбдіғали Құрбан айттың рухани мәніне тоқталды.

– Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббының разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал» деп бұйырады. Биылғы Құрбан айт мейрамын дәстүрімізге сай қоғамдық деңгейде атап өту мақсатында облыстың барлық өңірінде «Құрбан айт – ұлық мереке» тақырыбында түрлі игі іс-шаралар ұйымдастырылады, – деді бас имам.

Айт намазынан кейін «Әнет баба» мешітінің ауласында мере-

келік бағдарлама жалғасады. Ұлттық ойындар ұйымдастырылып, қой көтеру, арқан тартыс, қол күресі секілді сайыстар өтеді. Сонымен қатар, балаларға арналған «ҚҰРБАНFEST – 2026» мерекелік кеші жоспарланған.

Баспасөз мәслихатында құрбандық шалудың шарияттағы талаптары да кеңінен түсіндірілді.

– Құрбан малын әр отбасы жеке шалғаннан кейін етін өздері пайдаланса да, ағайын-туыс, көрші-қолаң, жетім-жесір, мұқтаж жандарға таратса да болады. Шарият бойынша құрбандық етін үшке бөлген абзал. Бір бөлігін отбасына қалдырып, екінші бөлігін ағайын-туысқа, үшінші бөлігін мұқтаж жандарға үлестірсе, сауабы мол, – деді Данияр Еріқұлы.

Қой мен ешкіні бір адам немесе бір отбасы атынан шалуға болады. Ал, ірі қараны жеті адамға дейін бірігіп шалуға рұқсат етіледі. Құрбандыққа шалынатын қой мен ешкі бір жасқа толған, сиыр екі жастан, түйе бес жастан асқан болуы тиіс. Сонымен қатар, малдың дене мүшелері түгел, сау әрі құрбандыққа жарамды болуы қажет.

Қарағанды қаласында құрбандық шалуға арнайы үш орын белгіленген. Олар: «Резник көшесі», 18, Н.Гоголь көшесі, 2/23 мекенжайындағы «Арай KZ», сондай-ақ, С.Сейфуллин көшесі, 53. Арнайы құрылған жұмыс штабы айт күндері құрбандық еттерін мақсатты орындарға жеткізуді ұйымдастырады. Бұл ретте мұқтаж отбасыларға көмек көрсетуді жүйелі жүргізу көзделген.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірнеше жылдан бері халыққа қолайлы әрі ашық қызмет көрсету мақсатында QURBAN.MUFTYAT.KZ онлайн құрбандық платформасын іске асырып келеді. Жобаның негізгі мақсаты – азаматтарға құрбан шалу рәсімін заманауи цифрлық форматта оңай әрі сенімді түрде орындауға мүмкіндік беру, сондай-ақ, мұқтаж отбасыларға көмек көрсетуді жүйелі ұйымдастыру.

Сондай-ақ, дін өкілдері кәсіпкерлерді айт күндері сауапты іске үлес қосуға шақырды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ФУТБОЛ

Сырт алаңда сүрінді

Қарағандылық «Шахтер» клубы футболдан Қазақстан Бірінші-лига ойындарының VII турында сүрінді. Бұл жолы жерлестер сырт алаңда елордалық «Астана» жастар клубымен кездесіп, 4:3 есебімен жеңіліп қалды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы болып есепті де алаң иелері ашты. Қарсыластар ойының 10-шы минутында есепте алға шыққанымен, жерлестер сапынан араға алты минут салып Роман Асылбаев көзге түсті. Допты алаң жиегінен ойынға қосқан әріптестері қарсылақ қақпасына қарай бағыттаған. Осы тұста Роман мүмкіндікті мүлт жібермей таразы басын теңестірді.

Алаң иелері бұнымен тоқтап қалған жоқ. 21-ші минутта қақпадан саңылау тауып, есепте алға шыққан. 37-ші минутта Рифат Нұрмұғанбет кезекті шабуыл барысында таразы басын қайта теңестірді. Осылайша, қос команда арасындағы ойының алғашқы кезеңі 2:2



есебімен аяқталды.

Десе де, елордалықтар құлды бір «Шахтердің» шабуыл техникасын меңгеріп алмай. Шабуылға мүмкіндік бермей, керісінше қарымта шабуыл ұйымдастырып, соққыны жиілетті. Нәтижесінде, 52-ші және 54-ші минутта қос гол салып, есепті 2:4-ке жеткізді. Өкінішке қарай, жерлестер есепті тең ұстап қала алмады. Тек, 66-шы минутта «Шахтер» ойыншылары кезекті шабуыл ұйымдастырып, автогол тіркеді. Осылайша

жеңіс елордалықтардың еншісіне жазылды.

Сырт алаңда жеңілген жерлестер ұпай еншілей алмай турнир кестесінің II сатысына төмен сырғды. Әзірге – 16 ұпай. Көш басына 17 ұпаймен «Алматы» жастары көтерілді. Ал, үздік үштікті 12 ұпаймен «Тараз» клубы түйіндеп тұр. Олардың әлі ойналмаған бір ойыны бар.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• АУЫР АТЛЕТИКА

Тау көтерген Толағайдай топ жарды

Талдықорғанда ауыр атлетикадан Қазақстан чемпионаты мәресіне жетті. Ел біріншілігінде аймақ намысын қорғаған әлем чемпионы Артём Антропов тағы да мықтылығын дәлелдеді. Ол 110 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде топ жарып, алтын медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, жұлқа көтеру, серпе көтеру және қос сайыс қорытындысы бойынша Қазақстан рекордтарын жаңартты.

Қарағандылық спортшы жұлқа көтеруде 175 келіні еңсерсе, серпе көтеруде 230 келіні бағындырды. Екі жаттығудың қорытындысы бойынша оның жалпы нәтижесі 405 келіні құрады. Бұл көрсеткіш оған ел чемпионатының алтын медалін ғана емес, жана рекордтық белесті де сыйлады.

Бұл жолғы нәтиже Антроповтың былтырғы әлем чемпионатындағы көрсеткішінен де

жоғары. 2024 жылы Бахрейн астанасы Манамада өткен әлем чемпионатында ол 102 келіге дейінгі салмақта 400 келі жинап, алтын медаль иеленді. Сол кезде жұлқа көтеруде 170 келі, серпе көтеруде 230 келі көтерген. Ал, Талдықорғанда жаңа салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Артём жалпы нәтижесін 405 келіге жеткізді.

Чемпионатта Антроповтың қарсыластарынан айқын ба-

сым түскені де назар аудартарлық. 110 келіге дейінгі салмақта күміс жүлдені Жетісу облысының өкілі Матвей Макрушин иеленді. Оның нәтижесі – 350 келі. Үшінші орынға Шығыс Қазақстан облысынан Темірлан Окашев көтерілді. Ол қос сайыс қорытындысында 347 келі жинады. Осылайша, қарағандылық зілтемірші ең жақын қарсыластан 55 келіге озып, чемпиондық атақты сенімді түрде жеңіп алды.

Бұл Азия ойындарына дайындық жолындағы маңызды белес екенін аңғартады. Спортшының жаттықтырушысы – Иван Снегуров. Қазір спортшы жаңа салмақ дәрежесіне бейімделу кезеңінен өтіп жатыр.

Өз тілшімізден

• ТУРНИР

Болашақ чемпиондар лигасы

Биыл өңірде алғаш рет бастауыш сынып оқушыларына арналған «ALGA!» мектептік футбол жобасы пилоттық режимде іске қосылған болатын. Жыл басынан бері жүзеге асып келе жатқан жобаға өңірдің 10 мектебі қатысып, оқушыларды футболға баулу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Оқу жылының аяқталуы қарсаңында аталған командалар арасында алғаш рет «Alimkhan Yermekeov Cup» футбол турнирі өтті. Турнирдің ашылу салтанатына «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім берудің өңірлік ғылыми-практикалық орталығы басшысының орынбасары Асхат Кәкетаев қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар, жарыс барысын «Шахтёр» футбол клубының скауттары арнайы бақылап, болашағынан зор үміт күттіретін жас футболшылардың ойынына ерекше назар аударды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба аясында мектеп бағдарламасындағы аптасына үш рет өтетін дене



шынықтыру сабағының біреуі толықтай футболға арнады. Бүгінде «ALGA!» жобасына қосылған 10 команданың қажетті құрал-жабдықтары мен кимдерін толығымен Қарағанды облыстық футбол ассоциациясы қамтамасыз етеді. Турнир

биыл алғаш рет ұйымдастырылғандықтан жарысқа тек 3-4 сынып оқушылары қатысты. Осы жас ерекшелігі бойынша жасасқалған сегіз команда Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің базасында өзара бақ сынап, мықтыны анықтады.

– Бұл жоба ұлдармен қатар қыздардың да қызығушылығын оятты десек, артық айтқанымыз емес. Осындай бастамалардың арқасында болашақта чемпиондардың арқасында балалардың ынтасын, мұғалімдердің белсенділігін және ойындардың жоғары деңгейде өтіп жатқанын көріп, жобаның өз нәтижесін бергеніне көз жеткізуге болады. Қазірдің өзінде аудан-қалалардан хабарласып, дене шынықтыру сағаты аясында футбол сыныптарын ашуға қызығушылық танытып жатқандар бар, – деді Асхат Кәкетаев.

Матчтар 5×5 форматында ұйымдастырылған. Әуелі командалар топтық кезеңде айналмалы жүйе бойынша өзара кездесіп, плей-офф кезеңінің жолдамасын сарапта салды. Турнир ережесіне сәйкес, әр команданың құрамында кем дегенде бір қыз баланың болуы міндеттелген. Айта кетейік, жарысқа дайындық жұмыстары үш ай бойы жүргізіліпті. Осы уақыт аралығында мектеп командалары арасында 12 жолдастық кездесу ұйымдастырылып, қатысушылар турнирге жан-жақты дайындығын пысықтаған.

Турнир қорытындысы бойынша №19 мектептің командасы жеңімпаз атанды. Олар жартылай финалда Бірінші Теміртау классикалық лицейінің командасын 2:0 есебімен жеңсе, финалда Үштөбе тірек

мектебінің командасынан 3:1 есебімен айласын асырды. Турнир барысында команда капитаны Абылай Рымбек сегіз гол соғып, турнирдің «Үздік сұрмергені» атанды. Ал, команданың жаттықтырушысы Қали Қуанған аталған жобаның балалардың спортқа қызығушылығын арттырудағы маңызын ерекше атап өтті.

Турнир қорытындысы бойынша Үштөбе тірек мектебінің команда II орын иеленсе, III орынды Бірінші Теміртау классикалық лицейі мен №14 мектеп-гимназиясы тең бөлісті. Айта кетейік, турнир жеңімпаздарына жазда Астанада өтетін республикалық «Балдәурен» турниріне жолдама берілді. Чемпиондарды Freedom компаниясы мен QOFA қаржыландырмақ.

Бүгінде «ALGA!» жобасына Қарағанды, Теміртау, Саран, Абай қаласы мен Үштөбе ауылындағы Үштөбе тірек мектебі қатысып отыр. Қазіргі таңда жоба аясында 1 931 оқушы мен 61 педагог қамтылған. Ұйымдастырушылар жаңа оқу жылында жобаның ауқымын кеңейтуді жоспарлап отыр. Алдағы уақытта Балқаш, Қарқаралы қаласы мен Шет, Ақтоғай, Осакарво ауданындағы мектептерді де қосуды көздеп отыр. Нәтижесінде, аталған жобаға қатысатын білім беру ұйымдарының санын 40-қа жеткізбекші.

Сурет QOFA

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакарво: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 088

№54 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН